ҮКІМЕТТЕГІ ҮКІЛІ ҮМІТ

НЕМЕСЕ КӨРГЕНДІЛІК ПЕН КӨРЕГЕНДІЛІК



Ел батасын алып, ризашылыққа ие болып, алғысқа бөленіп ел басқарып жүрген азаматтардың бірі де, бірегейі ретінде жұртшылық Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлын ерекше атайды. Өйткені, Сыр өңірінде соңғы жылдары жүзеге асқан ауқымды бастамалар мен әлеуметтік өзгерістер туралы сөз қозғалғанда, Нәлібаев есімі қоса айтылады.

Өзге аймақ тұрғындары арасында кезінде «Біздің облысқа әкім болып келсе ғой» деп іштегі қалауларын сыртқа жеткізгендер де жетерлік. Себеп - Нұрлыбек Машбекұлы әкім болған кездегі Қызылорда облысының қарқыны, өркендеуі болса керек. Бұдан бөлек Сыр жұртшылығының аймақ басшысына деген ізгі ілтипаты, мақтауы да себеп дейміз.

Нұрлыбек Нәлібаев 2022 жылдың сәуірінен 2026 жылдың мамырына дейін Қызылорда облысының әкімі қызметін атқарды. Осы кезеңде өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға, елді мекендерді жақсартуға, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларын дамытуға бағытталған көптеген жобалар қолға алынды. Дария жағасындағы қала келбеті де жаңарып, аудандарда әлеуметтік нысандар бой көтеріп, Сыр бойын жайлаған тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға басымдық берілді.

Әрине, кез-келген игі істің артында мемлекеттік қолдау, мамандардың еңбегі, және елдің ортақ мүддесі тұрады. Сондықтан өңірдегі жетістіктерді бір адамның ғана еңбегі деп қарастыру дұрыс емес екендігін білеміз, сондай-ақ Нұрлыбек Машбекұлының басшылығына тән іскерлік, ұйымдастырушылық болмағанда, 2022 жылға дейін еліміздегі өңірлер арасында көш соңында жүрген өлкенің аз уақыт ішінде үштікке, бестікке енуі мүмкін еместігін де білеміз.

Жалпы оның Сыр бойында қала және облыс әкімі болғанда атқарған шаруалары бүгінге дейін аймақ қана емес, республика көлемінде айтылып та жүр, тиісті бағасын да алды. Оған уақытысында өзі де ел алдында есеп берді. Бүгінгі сөз ыңғайын Нәлібаевтың облыс әкімі лауазымынан кейінгі Үкіметтегі жаңа қызметі барысында да елге деген, туған жерге деген, Сыр жұртшылығына деген қамқорлығы мен құрметіне арнаған жөн болар.

Жалпы Сыр өңірінде ел басқарып ісімен де, сөзімен де жұртқа жағып, жоғарыға жоғарылап кеткендер баршылық. Мұндағы ел әкім болып келгендердің барлығын дерлік құшақ жая қарсы алып, оларды басқа қызметке ауысып кетерінде қимастықпен шығарып салып жатады. Солардың баршасы дерлік қызметтен кеткеннен кейін көңілден де, көзден де кетеді. Өйткені белгілі бір мерзімде әкімдік қызметін атқарғаннан кейін елдің олармен, олардың мұндағы елмен шаруасы болмайды. Соның да салдарынан болар, кей әкімдердің тұсында басталған кей жақсы жобалар аяқсыз қалып, салынған құрылыстар “сақалдыға айналып”, олардан кейін келгендерге әжептәуір жүк болып жатады. Нәлібаев көзден де, көңілден де кетпеді. Елге келген әр сапарында өзі әкім болған тұстағы құрылыстардың, нысандардың сапасын бақылап, назарда ұстап отырады. Одан бөлек елге еңбегі сіңіп жатқан ерен еңбек ерлерін де ұмытпай, әр мереке тұсында Үкімет басшысының бірінші орынбасарының құттықтауын жіберіп, Алғыс хаттарын аямайды. Мемлекеттік деңгейдегі тұлғалардың мерейтойына арналған жиындардың өздері де Үкімет басшысының бірінші орынбасарының кіріспе сөзінсіз басталмайды. Мұндағы ел де қарап қалып жатқан жоқ. Әр жиын сайын Нәлібаев кезіндегі жақсылықтарды, игі істерді айтып тамсанып отырады.

Иә, Нәлібаевтың өзіндік ерекшелігі дегеніме жеттім деп, жеткен жерінде тоқтап қалмай, елді, елдегілерді ұмытпай, назардан тыс қалдырмауы. Ел де Үкіметтің әр жиынын бақылап, Үкімет тапсырмасымен жол, құрылыс сапасын бақылап, әр өңірде іс сапарлатып жүрген Нұрлыбек Машбекұлына тілектес болып, “тақым қысып” отырады.

Нұрлыбек Нәлібаевтың Қазақстан Республикасы Үкімет басшысының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалуы оның мемлекеттік қызметтегі міндетінің жаңа деңгейге ауысуы болды.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары ретінде Қызылорда облысына жасаған жұмыс сапарларында өзінің кезінде басталған әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың құрылысын, олардың орындалу барысын үнемі бақылауда ұстайды. Мерзім мен сапа талаптарын сақтау жөнінде жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеуді де ұмытпайды. Кешегі қазан айындағы сапарында да жол құрылысы, медициналық нысандар және спорт кешені секілді маңызды жобалардың жай-күйіне назар аударды.

Бұл – өңір үшін басталған жұмыстың нәтижелі аяқталуының маңызын көрсететін ұстаным. Себебі елге қажетті ғимараттың іргетасын қалау бір бөлек те, оны сапалы аяқтап, халықтың игілігіне беру бір бөлек. Құрылыс жұмыстарының барысын бақылау, мәселелердің шешілуін талап ету және белгіленген міндеттердің сапалы орындалуына назар аударып, талап ету – перзенттік парыздың бір бөлігі. Өйткені әрбір жаңа мектеп – баланың сапалы білім алуына мүмкіндік, әрбір медициналық нысан – халық денсаулығына қызмет, ал әрбір жол мен инженерлік желі – елді мекендердің дамуына жасалған қадам.

Сыр жұрты үшін мұндай назардың маңызы зор. Өйткені, өңірге әкім болған бір бөлек, әкімдіктегі қызметтен кетсе де өзінің бастамасымен басталған жобалардың жайын әлі күнге бақылау да бойдағы жауапкершілік пен халық алдында берген уәденің соңына дейін орындалуы тұрғысынан тұлғалық бірсөзділіктің дәлелі деуге негіз бар.

Ел басқарудағы басты мақсат — халыққа қолайлы жағдай жасау, ауыл мен қаланың тыныс-тіршілігін жақсартып, жұртшылықтың ертеңгі күнге деген сенімін нығайту. Нәлібаевтың ел басқарудағы ерекшеліктерінің бірі - халықпен етене жақын болып, жұртшылықтың талап-тілегі мен ұсыныс-пікіріне құлақ аса білуі. Оның жұртшылық жақсы көретін басты қасиеттерінің бірі өз шешімінде елдің талабын ескеріп, тұрғындардың үнін назардан тыс қалдырмауы. Халықтың ортасында болып, олардың мәселесін тыңдап, елмен ақылдасып, ортақ шешімге келуді де басты орынға қоя білді.

Жалпы Нәлібаев Сыр бойындағы ел басқару ісінде бұрынғы мен жаңаны, үлкен мен кішіні ұйымдастырып, топтастыра білген бірден-бір тұлға. Бұрынғы әдетте кеткенді жамандау, оларды оқшаулау кең үрдіс алған тұста өзіне дейін аудан, қала, облыстық деңгейде ел басқарған тұлғалардың барлығын елдік мүддеге тоғыстырып, бір жүйе құра білді. Үлкеннің ақылын, кеңесін алды. Одан жаман болған жоқ. Ескерусіз қалған ел ағалары Н.Нәлібаевтың естілігіне тәнті болып, өз тәжірибелерін, бойдағы күш-қуатын облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлымен бірге Сыр бойының дамуына жұмсауға мүмкіндік алды. Елдің бір жұдырыққа жұмылған ауызбіршілігі әрине аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етті.

3-бетте

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№44 (1851) 5 қараша 2026 жыл Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

Жолдау-2026

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН БАНКТЕР ҚАРЖЫЛАНДЫРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында автомобиль жолдарын дамытуға, көлік-логистика әлеуетін арттыруға және жол сапасына ерекше назар аударылды. Осы орайда автомобиль жолдарын жаңғыртуға қажетті қаржыландыру көздеріне қатысты алғышарты да жасалып үлгерді. Астанада «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы мен үш ірі отандық банк арасында өзара келісім бекітілді. Мақсат – Президент Жолдауына сәйкес жол саласын қаржыландыру және инфрақұрылымдық жобаларға екінші деңгейлі банктерді тарту.

Жиын барысында Halyk Bank, Банк ЦентрКредит және Еуразиялық банк тарапынан құжатқа қол қойылды.

Келісімнің қаржылық көлемі 700 миллион АҚШ долларына дейін жетеді. Бұл қаражат ұлттық компанияның Қазақстанның Даму Банкі алдындағы бұрын қалыптасқан берешегін қайта қаржыландыруға бағытталады.

Айта кету керек, бұған дейін «ҚазАвтоЖол» республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу және жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстанның Даму Банкінен қаржы тартқан. Енді осы міндеттемелерді коммерциялық банктердің қатысуымен қайта қаржыландыру көзделіп отыр.

Премьер-министрдің орынбасары, Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің мәлімдеуінше:

- Бұл жерде сөз жол құрылысына жаңа қарыз алу туралы емес, коммерциялық банктердің қаражаты есебінен ҚДБ алдындағы қолданыстағы міндеттемелерді қайта қаржыландыру туралы болып отырғаны аса маңызды. Бұл банк секторының инфрақұрылымды қаржыландыруға қатысуын арттырып қана қоймай, даму институтының ресурстарын жаңа жобаларды іске асыруға бағыттауға мүмкіндік береді.

Әлбетте,коммерциялық банктердің жол құрылысы мен инфрақұрылымдық бастамаларды қаржыландыруға қатысуы ел ішіндегі инвестициялық әлеуетті тиімді пайдалануға жол ашпақ. Бұл тәсіл ірі стратегиялық жобаларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік бюджетке түсетін қаржылық салмақты азайтып, өзге де әдіспен қаржы көздерінің үлесін арттыруға мүмкіндік береді.



БҰЛ САЙЛАУ БҰРЫҢҒЫ САЙЛАУДАН ӨЗГЕРЕК?..

Осы жылғы 29 қарашада еліміз бойынша барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді. Қазіргі уақытта әр өңірде сайлауалды науқан басталып, саяси партиялар мен кандидаттар өз бағдарламаларын таныстырып, халықпен кездесулер өткізуге кірісті. Бір депутаттық мандатқа орта есеппен үш үміткерден келетін бұл науқанның ерекшелігі қандай? Кандидаттарға үгіт-насихат жұмыстары үшін қанша қаражат қарастырылған және олар өңірдің дамуына қатысты қандай бағдарламалар ұсынып отыр? Осы сайлаудың осыған дейінгі сайлаулардан айырмашылығы қандай деген сауалдарға жауап іздедік.

Алдымен бұл кезекті емес, мерзімінен бұрын тағайындалған сайлау екенін айта өтейік. Себебі 12 қазанда Президент барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы жарлыққа қол қойды. Осыдан кейін Орталық сайлау комиссиясы жаңа сайлауды 29 қарашаға белгіледі.

Алдыңғы сайлауда облыстық мәслихат депутаттары аралас жүйемен сайланды. Депутаттардың 50 пайызы партиялық тізіммен, қалған 50 пайызы бірмандатты округтерден өтті. Биылғы жылғы сайлауда да осы тәртіп сақталып отыр. Бірмандатты округтерде партиялармен қатар өзін-өзі ұсынған үміткерлер де бақ сынай алады.

БІР МАНДАТҚА ҮШ ҮМІТКЕР

Қызылорда облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мәліметінше, кандидаттарды тіркеу 1 қараша күні сағат 18:00-де аяқталған. Нәтижесінде облыстық мәслихатқа бір мандаттық 16 сайлау округі бойынша 48 кандидат тіркелді, оның ішінде “Республикадан” 1, “Ауылдан” 1, “Әділеттен” әр округке бір-бір кандидаттан бар. Ал партиялық тізім бойынша әр сайлау округіне “Әділеттен” бір кандидаттан, “Ақ жол” Қазақстанның Демократиялық партиясынан 3, “Ауыл” халықтық демократиялық патриоттық партиясынан 3 кандидат тіркелген. Ал Қызылорда қалалық мәслихатына бір мандаттық 23 сайлау округі бойынша 69 үміткер, оның ішінде “Әділет” партиясынан 23, “Республика”, “Ауыл”, “Ақ жол” партияларынан бір-бірден үміткер бар, қалғандары өз-өзін ұсынғандар. Аудандық мәслихаттарға 97 округ бойынша 292 кандидат тіркелген.

Осылайша, бірмандатты сайлау округтерінде әрбір депутаттық орынға үш үміткерден таласады.



Сонымен қатар «Әділет», «Ақ жол» және «Ауыл» партиялары партиялық тізімдерін ұсынып, тіркеуден өтті. Бұл саяси күштердің алдағы бес жылда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өз ұстанымдары мен басымдықтарын ұсынуына мүмкіндік береді.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясының дерегіне сәйкес, бірмандатты округтер бойынша тіркелген кандидаттардың 314-і ер азамат, 95-і әйел. Партиялық тізімдерде де әйелдер мен жастардың өкілдігі ескерілген.

ҮМІТКЕРЛЕР ҚАЙ САЛАДАН?

Қызылорда облыстық және қалалық мәслихаттарға тіркелген кандидаттардың жұмыс орны мен лауазымына назар аударсақ, олардың арасында кәсіпкерлер, өндіріс және құрылыс компанияларының басшылары, мемлекеттік мекемелердің жетекшілері, білім, мәдениет және денсаулық сақтау саласының өкілдері жиі кездеседі.

Атап айтқанда, облыстық мәслихатқа үміткерлер қатарында шаруа қожалықтарының төрағалары, жеке кәсіпкерлер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің директорлары, аудандық бөлімдердің басшылары, жоғары оқу орны мен колледж ректорлары, мәдениет мекемелерінің жетекшілері бар.

Бұл ретте әлеуметтік сала өкілдерінің де белсенділігі байқалады. Мәселен, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт ұйымдарының басшылары депутаттыққа кандидат ретінде тіркелген.

Сондай-ақ биылғы сайлауда бұрын депутаттық тәжірибесі бар азаматтар да қайта бақ сынап отыр. Жұмашев Мейрамбек, Тілеп Ібайдулла, Жорабек Нұрымбетов, Ниязов Мұхтар, Мақсұт Нәлібаев, Балжан Шәменова, Нұриддин Амитов, Қайрат Боранбаев, Бауыржан Сандыбаев және Қанағат Сақтағановтар биылғы сайлауға қайта кандидат ретінде қатысып бақ сынауда.

7-бетте

2026 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАРДЫҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҮЙ-ЖАЙЛАР

№	Атауы	Кездесуүшінүй-жайлар
1.	Қызылорда қаласы, Ә.Қашаубаев көшесі н/з	Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің«Қалалық мәдениет Үйлер, клубтар және халықтық ұжымдар» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Мәдина Ералиева атындағы Мәдениет үйі
2.	Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №21	«Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ-нің «Қалалық мәдениет үйлері, клубтары және халықтық ұжымдар» МКҚК-ның Асқар Тоқмағамбетов атындағы қалалық Мәдениет үйі.
3.	Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі №44а	«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
4.	Қызылорда қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы №82	«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Әбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
5.	Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауы шағын ауданы № 15а	Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы»коммуналдық мемлекеттік мекемесі
6.	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі ғимарат №10А	Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық филармониясы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
7.	Қызылорда қаласы, П. Чайковский көшесі №8	Қызылорда қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесінің А.С.Пушкин атындағы орталық кітапхана
8.	Қызылорда қаласы, Қызылөзек ауылдық округі, Қараөзек ауылы, Абылай хан көшесі, №30	Қызылөзек ауылдық округі әкімі аппаратының «Қараөзек ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
9.	Қызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылдық округі, Қарауылтөбе ауылы,Абай Құнанбаев көшесі, №27	Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының жанындағы «Қарауылтөбе ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
10.	Қызылорда қаласы, Қосшыңырау ауылдық округі, Абай ауылы, Бейбітшілік көшесі, №12	Қосшыңырау ауылдық округі әкімі аппаратының «Абай мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
11.	Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, 2 Линия, №34	Белкөл кенті әкімі аппаратының «Белкөл кентінің клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
12.	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Шахмардан Есенов көшесі, №5	Тасбөгет кенті әкімі аппаратының «Сәбира Майханова атындағы мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
13.	Қызылорда қаласы, Талсуат ауылдық окургі, Талсуат ауылы, Ақмешіт көшесі, №53	Талсуат ауылдық округі әкімі аппаратының «Талсуат ауылдық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
14.	Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылы, Н. Тасымов көшесі, №20А.	Ақжарма ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақжарма ауылдық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
15.	Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Қызылжарма ауылы, К.Сексенбаев көшесі, №38	Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының «Қызылжарма мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
16.	Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Жақыпбек Маханбетов ауылы, Жәкенов көшесі №22/а	Ақсуат ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсуат мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ПОМЕЩЕНИЯ В ГОРОДЕ КЫЗЫЛОРДЕ ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ ВСТРЕЧ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ ВСЕХ КАНДИДАТОВ, УЧАСТВУЮЩИХ В ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА В 2026 ГОДУ

№	Адрес	Помещения для встреч
1.	г. Кызылорда, ул. А. Кашаубаева, б/н	Дом культуры имени Мадины Ералиевой ГККП «Городские дома культуры, клубы и народные коллективы» городского отдела культуры и развития языков
2.	г. Кызылорда, ул. Казыбек би, №21	Городской дом культуры имени Аскара Токмагамбетова ГККП «Городские дома культуры, клубы и народные коллективы» КГУ «Кызылординский городской отдел культуры и развития языков»
3.	г. Кызылорда, ул. Айтеке би, №44а	КГКП «Кызылординский областной казахский академический музыкально-драматический театр имени Нартая Бекежанова» управления культуры, архивов и документации Кызылординской области
4.	г. Кызылорда, проспект Нурсултана Назарбаева, №82	КГУ «Кызылординская областная универсальная научная библиотека имени Абдильды Тажибаева» управления культуры, архивов и документации Кызылординской области
5.	г. Кызылорда, микрорайон Левый берег реки Сырдарьи, №15а	КГУ «Молодежный ресурсный центр» управления общественного развития Кызылординской области
6.	г. Кызылорда, ул. Султана Бейбарса, здание №10А	КГКП «Кызылординская областная филармония» управления культуры, архивов и документации Кызылординской области
7.	г. Кызылорда, ул. П. Чайковского, №8	Центральная библиотека имени А.С.Пушкина ГУ «Городская централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков города Кызылорды
8.	г. Кызылорда, сельский округ Кызылозек, село Караозек, ул. Абылай хана, №30	ГККП «Караозекский сельский клуб» аппарата акима сельского округа Кызылозек
9.	г. Кызылорда, сельский округ Карауылтобе, село Карауылтобе, ул. Абая Кунанбаева, №27	ГККП «Карауылтобинский сельский клуб» при аппарате акима сельского округа Карауылтобе
10.	г. Кызылорда, сельский округ Косшынырау, село Абай, ул. Бейбитшилик, №12	ГККП «Дом культуры «Абай»» аппарата акима сельского округа Косшынырау
11.	г. Кызылорда, поселок Белколь, ул. 2-я Линия, №34	ГККП «Клуб поселка Белколь» аппарата акима поселка Белколь
12.	г. Кызылорда, поселок Тасбогет, ул. Шахмардана Есенова, №5	ГККП «Дом культуры имени Сабиры Майкановой» аппарата акима поселка Тасбогет
13.	г. Кызылорда, сельский округ Талсуат, село Талсуат, ул. Акмешит, №53	ГККП «Талсуатский сельский дом культуры» аппарата акима сельского округа Талсуат
14.	г. Кызылорда, сельский округ Акжарма, село Баймурат батыр, ул. Н. Тасымова, №20А	ГККП «Акжарминский сельский дом культуры» аппарата акима сельского округа Акжарма
15.	г. Кызылорда, сельский округ Кызылжарма, село Кызылжарма, ул. К. Сексенбаева, №38	ГККП «Кызылжарминский дом культуры» аппарата акима сельского округа Кызылжарма
16.	г. Кызылорда, сельский округ Аксуат, село Жакыпбек Маханбетов, ул. Жакенова, №22/а	ГККП «Аксуатский дом культуры» аппарата акима сельского округа Аксуат

ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ: ҚОҒАМ ҮНІ

Қазіргі қоғам үшін ең өзекті мәселелердің бірі – жас ұрпақтың денсаулығы мен жарқын болашағы. Өкінішке қарай есірткіге тәуелділік көптеген адамның өміріне қауіп төндіріп, отбасылардың тыныштығына, қоғамның дамуына кері әсерін тигізуде. Бұл – тек бір адамның немесе бір отбасының мәселесі емес, бүкіл қоғамды алаңдататын ортақ мәселе. Сондықтан есірткісіз қоғам қалыптастыру – баршамызға жүктелген маңызды міндет.

Менің ойымша әрбір жас өз болашағына жауапкершілікпен қарап, өмірлік таңдауын дұрыс жасай білуі керек. Өмірде түрлі қиындықтар мен күтпеген жағдайлар кездеседі. Кейде жастар қатарластарының ықпалына еріп, өздеріне зиян келтіретін әрекеттерге баруы мүмкін. Алайда кез-келген жағдайда «жоқ» деп айта білу, өз ұстанымыңнан таймау – нағыз күштіліктің белгісі. Есірткі адамға бақыт пен еркіндік сыйламайды, керісінше, денсаулығына зиян келтіріп, армандары мен мақсаттарына жетуіне кедергі жасайды.

Біз, жас ұрпақ, бос уақытымызды тиімді пайдаланып, спортпен шұғылданып, білім алып, өнер мен шығармашылыққа ұмтылуымыз қажет. Себебі салауатты өмір салты – табысты болашақтың негізі. Сонымен қатар отбасындағы тәрбие, ата-ананың ақыл-кеңесі, ұстаздардың бағыт-бағдары және достар арасындағы сыйластықтың маңызы зор. Жастарға сенім білдіріп, олардың пікірін тыңдап, өмірде дұрыс шешім қабылдауына қолдау көрсету қажет. Есірткісіз болашақ құру үшін әрқайсымыз бей-жай қалмай, зиянды әдеттердің алдын алуға үлес қосуымыз керек. Қоғамның үнін естірту, жастардың санасына жауапкершілік ұялату – ортақ парызымыз.

Мен еліміздің ертеңі білімді, дені сау, саналы әрі мақсаты айқын жастардың қолында деп сенемін. Біз өз өмірімізді бағалап, болашағымызды бір сәттік қызығушылыққа айырбастамауымыз керек.

Мейрам Саида
Қызылорда қаласы, А.Хангелдин атындағы №179 орта мектеп
11- сынып оқушысы
Жетекшісі: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бақбергенова Нұрсила

* * *

Кейде адам өміріндегі ең үлкен қателік бір сәттік қызығушылықтан басталады. Ал сол сәтте дұрыс шешім қабылдау тұтас бір тағдырды өзгертуі мүмкін.

Бір күні сабақтан кейін екі дос – Арман мен Данияр көшеде келе жатып, өздерінен сәл үлкендеу жігіттермен танысады. Әңгіме арасында әлгі жігіттер оларға белгісіз бір зат ұсынып, «Бір рет байқап көрсеңдер ештеңе болмайды, бұл жай ғана қызық» деп сендіруге тырысады. Алғашында екі дос не екенін түсінбей, қызығушылық танытады. Өйткені айналасындағылардың бәрі оны қалыпты нәрсе сияқты көрсеткен еді.Алайда Арманның көңіліне күдік ұялайды. Ол есірткінің адам өміріне қаншалықты зиян екенін мектептегі тәрбие сағатында тыңдағанын есіне түсіреді. Данияр да ойланып қалады. Екеуі бір-біріне қарап, бұл ұсыныстың соңы жақсылыққа апармайтынын түсінеді.

– Бізге мұның қажеті жоқ! Өз болашағымызды бір сәттік қызығушылыққа айырбастамаймыз, – дейді Арман.Данияр досының сөзін қолдап, әлгі жерден кетіп қалады. Кейін олар болған жағдайды ата-аналарына айтып, үлкендердің ақылын тыңдайды. Осы оқиғадан кейін екі дос бір-біріне қандай жағдайда да жаман әдеттерден аулақ болуға уәде береді.Олар бір нәрсені түсінді: нағыз батылдық – өзгелерге еру емес, дұрыс жолды таңдай білу. Нағыз достық – досыңды қауіпті әрекетке итермелеу емес, оны қателіктен қорғау.

Есірткі – адамның денсаулығын ғана емес, арманын, отбасымен қарым-қатынасын, болашағын да құрдымға жіберетін қауіпті дерт. Оның алғашқы қадамы қызығушылықтан, ал соңы орны толмас өкініштен басталуы мүмкін.

Сондықтан әрбір жасөспірім «Жоқ!» деп айтуды үйренуі керек. Күмәнді ұсыныстан бас тарту, қауіпті жағдайдан алыстау және сенімді ересектерге хабарлау – өз өміріңді қорғаудың маңызды жолы.Арман мен Даниярдың таңдауы – әрбір жасқа үлгі. Себебі жарқын болашақ кездейсоқ келмейді, ол бүгінгі дұрыс шешімдерден басталады.

Біз есірткісіз қоғамды қалаймыз!

Бақберген Ержанұлы
№295 орта мектептің 7«А» сынып оқушысы
Жетекшісі: Усенова Айжан.

* * *

«Өз өміріңнің бағасын біл, болашақ – бүгінгі таңдауыңнан басталады!»

Дәлізде қоңырау соғылды. Сегізінші сынып оқушысы Арман достарымен бірге мектеп ауласына беттеді. Көңіл күйі көтеріңкі. Алда футбол жарысы, жазғы демалыс, талай арман мен жоспар күтіп тұр. Сол сәтте сыныптасы оған жақындап:

– Бір нәрсе ұсынайын ба? Ештеңе етпейді, бір рет байқап көр. Қорқатын түгі жоқ, – деді. Осы кезде Арман тосылып қалды. Досының қолындағы белгісіз затқа қарап, бір сәт үнсіз тұрды. «Бір реттен не өзгереді?» деген ой да жылт етті. Бірақ дәл сол кезде әкесінің сөзі есіне түсті: «Балам, өмірде кез келген ұсынысқа келісе берме. Кейбір қателіктің екінші мүмкіндігі болмайды».

– Жоқ! Маған мұның керегі жоқ. Мен өз болашағымды бір сәттік қызығушылыққа айырбастамаймын, – деді ол нық дауыспен.

Мұндай жағдай бүгінгі қоғамда кез-келген жасөспірімнің басынан өтуі мүмкін. Есірткі – адамның денсаулығына ғана емес, арманына, отбасына, болашағына қауіп төндіретін қасірет. Ол адамның еркіндігін шектеп, өмірге деген құштарлығын жояды. Ең қауіптісі – оған көбіне «қызық үшін», «достардан қалмау үшін» деген алдамшы оймен қадам жасалады.

Ал шын мәнінде, батылдық дегеніміз – бәріне еру емес, қажет кезде «жоқ» деп айта білу. Нағыз достық та адамды қауіпті әрекетке итермелемейді, керісінше, дұрыс жолға бағыттайды.

Бүгінгі жас – ертеңгі ел тірегі. Әрқайсымыздың алдымызда үлкен мақсат бар: білім алу, маман болу, ата-анамыздың үмітін ақтау, еліміздің дамуына үлес қосу. Осы армандарға жетудің жолы – салауатты өмір салтын таңдау.

Есірткісіз болашақ құру – тек дәрігерлер мен құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – ата-ана, мектеп, қоғам және әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Ендеше, қоғамның үні бір болсын: **Өмірді таңда! Арманды таңда! Есірткіге жол жоқ!** Өйткені болашақ – біреудің сыйы емес, бүгінгі таңдауымыздың нәтижесі.

Алимжанқызы Айсұлу
№295 орта мектептің 8 б сынып оқушысы
Жетекшісі Абжапбарова Гүлсим.

ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ – ЖАРҚЫН ӨМІРДІҢ КЕПІЛІ

Бүгінгі қоғамның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жас ұрпақты есірткіден қорғап, саналы әрі салауатты өмір салтын қалыптастыру. Себебі есірткі – бір адамның ғана емес, тұтас қоғамның болашағына қауіп төндіретін үлкен мәселе.

Менің ойымша, есірткісіз қоғам құру әр адамның өзінен басталады. Жарқын болашаққа жету үшін біз зиянды әдеттерден аулақ болып, білімге, еңбекке, спортқа және өнерге ұмтылуымыз керек. Бос уақытты тиімді пайдалану, жақсы орта таңдау, өз шешіміңе жауап бере білу – өмірлік маңызды қағидалар.

Есірткіге қарсы күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – отбасының, мектептің, қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әрбір ата-ана баласына дұрыс бағыт берсе, әрбір ұстаз жас ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңірсе, қоғамның қауіпсіз болашағына жол ашылады.

«Есірткісіз болашақ» – жай ғана ұран емес, әрқайсымыз ұстануға тиіс өмірлік таңдау. Өйткені дені сау ұрпақ – елдің байлығы, ал есірткісіз өмір – еркін әрі бақытты болашақтың негізі.

Болашағымыз жарқын болсын десек, бүгіннен бастап дұрыс таңдау жасайық!

Қайратқызы Айдана
143 орта мектеп 8”Ә” сынып оқушысы.
Жетекшісі: Шигамбаева Лаура

МЕНШІК ИЕСІ:
«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша
2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

ҮКІМЕТТЕГІ ҮКІЛІ ҮМІТ

НЕМЕСЕ КӨРГЕНДІЛІК ПЕН КӨРЕГЕНДІЛІК

Халықтың жүрегіне жол табу тек ірі жобалармен, немесе ресми кездесулермен шектелмейді. Ол адамдардың қуанышын бөлісуден, еңбегін бағалаудан, мерейлі сәттерінде назар аударудан және елге қызмет етіп жүрген азаматтарға құрмет көрсетуден де көрініс табады. Мерекелерде құттықтау хаттарын жолдап, түрлі салада еңбек етіп жүрген азаматтарды марапатқа ұсыну немесе олардың еңбегін атап өту – ел ішіндегі сыйластық пен құрметтің көрінісі. Бұл бағытта да Нұрлыбек Нәлібаев жолынан жығылған емес. Өйткені, өңір дамуына өз саласы бойынша үлес қосып жүрген тұлғалардың ерлігін дәріптеу арқылы ол өз бойындағы кеңдікті де көрсете білді.

Нәлібаевтың аға буын өкілдеріне құрметпен қарап, түрлі жиындар мен басқосуларда соларды төрге шығарып, өзінің кейінге ысырылуы оның артықшылығы болды.

Аға буын - қоғамның тарихи жады. Олардың өмір жолында тұтас бір дәуірдің ізі, ел үшін атқарған еңбектің салмағы, талай ұрпаққа үлгі болар тәжірибе бар. Сондықтан жолы да, жасы да үлкен тұлғаларды құрметтеу - жеке адамдарға көрсетілген ізет қана емес, елдің өз тарихына, өз тамырына деген құрметі. Осы құрмет – Нәлібаевтың көргенділігі.

Бүгінде көпшілік Қызылорданы сөз еткенде тек көне, тарихи құндылығы бар өлке ретінде ғана емес, жаңарған, заманға сәйкес жанданған аймақ ретінде бағалайды. Нұрлыбек Машбекұлы әкім болған тұста өңірге алыстан да, жақыннан да қаржы тартылып, сол қаржыға жасалған жұмыстардың нәтижесінде тұрғындардың тұрмысы түзеліп, еңбек етуге мүмкіндігі артып, әлеуметтік жағдай бұрыңғыдан жақсара бастағанын айта кету керек. Халықтың жақсы тұрмысын басты орынға қойып, елдің дамуы мен жұрттың әл-ауқатын қатар ойлау жауапты басшының маңызды ұстанымы болды. Сол негізде Нұрлыбек Машбекұлы жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, климатқа сәйкес шаруашылық жүргізуге баса назар аударумен қатар азаматтардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына да басымдық берді. Экономика жанданып, жаңа мүмкіндіктер қалыптасқан сайын халықтың да тұрмыс сапасы арта түсетінін дәлелдеп, құрылыс жұмыстарынан тыс әлеуметтік мәселелерге де зер салды. Нәтижесінде Қызылорда облысында халық тұрмысына қолайлы жағдай жасалды, жастардың өмір салтына сәйкес өмір сүру сапасы артты, сала бойынша жас кадрларға алға ілгерілеуге мүмкіндіктер берілді, мектеп деңгейіндегі оқушылардың сабақтан тыс сапалы, терең білім алуына жағдайлар жасалды. Қызылордалықтар бір бүгінмен емес, ертеңгі күнмен өмір сүре бастады, алға жоспар қойды. Билік әлеуметтік қалауларды ескерді, заманға сай талаптарды қаперге алды, нәтижесіне Сырдың ғана емес тұтас елдің халқы куә.

Оның елге қызмет етудегі шынайы өлшемін халықтың күнделікті өмірінен көрінетін оң өзгерістер арқылы айғақтауға болады. Халық тарапынан оң бағаға ие болуда оның жасақтаған кадрлық құрамының да ықпалы зор. Нұрлыбек Машбекұлы қарамағына сөздің емес, істің адамдарын біріктірді. Әр жобаны соңына дейін нәтижелі ететін мамандар шоғырын жасақтай білді.

Сондай-ақ, Нәлібаевтың бүгінгі деңгейге жетіп, өз жолын қалыптастыруына оның өз уәдесіне беріктігі, ойдың, сөздің, және істің бірдей көрініс табуына мән беруі, қайсарлығы және алдына қойған мақсатына жетпейінше тынбайтын табандылығы, қандай істі қолға алса да, межелі мақсатын айқындап, соған жетудің жолын таба білетіндігі, қиындық кездессе де алған бетінен қайтпайтын өжеттігі себеп болса керек. Өйткені биік белестерге жету тек мүмкіндік қана емес, мүмкін еместі де мүмкін ете білу болса керек.

Өңірдегі басшы қызметтегілердің арасында өзгеден бұрын алдымен өзіне деген талап пен тәртіпке басымдық беретіндер көбейді. Нәтижесінде Нұрлыбек Нәлібаевтың қарамағындағылардан Үкімет деңгейіндегі қызметтерге биіктегендер аз емес. Әрине Нәлібаев билігі сырбойылық кадрлардың пісіп-жетілуіне ықпал етті. Өзі де Үкімет басшысының бірінші орынбасары деңгейіне көтеріліп, әрі кетсе министр, немесе Парламент, Құрылтайға депутат болудан әрі аспаған Сыр бойының кадр саясатына елеулі өзгеріс әкелді.

Әкімдердің халықпен кездесуін ұйымдастыруда, құқық қорғау орындары басшыларының халықтың алдына барып, бетпе-бет жүздесуінде, бәрінен бұрын әкімдіктің сыртқы темір қоршауларының алынып, әкімдік алды елдің серуендейтін орнына айналып, биліктің халыққа ашық екендігін дәлелдеген тұсында Нәлібаевтың нән қолтаңбасы бар.

Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Президент ел дамуының келесі кезеңіне қатысты басым бағыттарды айқындап, инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік саланы дамыту, экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру және цифрлық технологияларды кеңінен енгізу жөнінде нақты міндеттер қойды.

Жолдауда көтерілген стратегиялық міндеттер мен соңғы жылдардағы Қызылорда өңірінің даму бағыттарын салыстырғанда, бірқатар сабақтастық байқалады.

Президент Жолдауында әлеуметтік нысандар құрылысын жандандыру, өңірлердің білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларындағы қажеттілігін нақты анықтап, соған сәйкес инфрақұрылым қалыптастыру міндеті қойылды. Мемлекет басшысы “Халықтық құрылыс” басталғанын жариялады. Ресми мәліметтерге сәйкес 2022–2025 жылдары өңірдің білім саласы бойынша 43 нысанның құрылысы жүргізілген. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп салынған. Облыстың жеті ауданында «Руханият» орталықтары да салынған. Білім нысандарынан тыс, емхана құрылыстары да қарқын алды. Одан бөлек, ел мақтап жүрген әуежай терминалы, стадион, мәдениет және спорттық бағыттағы нысандар көптеп салынуда.

Демек Қызылорда облысында Мемлекет басшысы айтып отырған “Халықтық құрылыс” жүріп жатыр…

Тоқаев инвестициялық ахуалды жақсарту, шағын және орта бизнесті қолдау, экономиканы әртараптандыру және жаңа өндірістерді дамыту міндеттерін қойды. Тағы да ресми ақпараттарға сүйеніп айтар болсақ, Қызылорда облысы инвестиция тартудан еліміз бойынша алда келе жатқан өңір. Көп айтпай-ақ аз айтар болсақ, 2025–2028 жылдары Қызылорда облысында жалпы құны 2,8 трлн. теңгені құрайтын 98 инвестициялық жобаны жүзеге асыру және 12 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Өңірдегі жол сапасын жақсарту мәселесінде де оң істер жетерлік. Бір ғана Қызылорда – Жезқазған жолының, сондай-ақ Қызылорда – Ақтөбе жолының жаңғыртылуы, “Сексеуіл” жаңалығы бәрі де Жолдаумен үндесіп жатыр. Елді мекендерді газдандыру, жарық мәселесін шешу бағытында электр стансаларын салу, күн қуатынан жарық беретін күн стансаларын көбейту, әрине мұның барлығы Нәлібаев көрегенділігінің тағы бір көріністері.

Биылғы Жолдауда әлеуметтік төлем турасында да айтылды. Бұл туралы Президент: **«Негізсіз жеңілдіктер мен жәрдемақылардың тым көптігі – институционалдық шалағайлықтың, керек десеңіз, мемлекеттік аппараттың әлсіздігінің белгісі. Бұл – елдің жарқын келешегін қамтамасыз ету ісінде көрегенділік жетіспейді деген сөз. Мұны түсінген абзал. Адамдарға бюджет қаражаты есебінен қамқорсынған сыңай таныту – барып тұрған популизм. Осының салдарынан халық мүддесіне қарсы, елдің орнықты дамуына тұсау болатын түрлі алаяқтық істер бүркемеленіп келді. Бүгінін ғана ойлайтын адамдардың түсінігі осындай болады. Олар стратегиялық және мемлекеттік көзқарас тұрғысынан пайымдай алмайды. Сондықтан әлеуметтік саясатты түбегейлі қайта қарап, уақытша түйткілдерді реттеуден гөрі стратегиялық мақсаттарға жетуге баса мән беру қажет», -** деді.

Бір қызығы Тоқаевтың әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру туралы айтқаны біздің аймақта бұған дейін жүзеге асып келеді. Өткен жылы сол кезде облыс әкімі болған Н.Нәлібаев Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте әлеуметтік көмекті шын мұқтаж жандар алсын деген пікірін жеткізіп, соған сәйкес жұмыстар Қызылорда облысы ойынша атқарылып жатқанын алға тартқан болатын.

– Шынында да шын мұқтаждар алуы керек. Әлеуметтік салаға терең талдау жүргіздік. Көп қаражат үнемдедік. Білім саласында да, денсаулық сақтау, әлеуметтік салада да. Соның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын кісілермен 2022-ші жылдан бастап жұмыс жасадық. 2022-ші жылы 63 мыңнан аса отбасы АЕК алатын болса, қазір олардың саны 19000-ға түсті. Өйткені нағыз мұқтаж азаматтар осы 19000. Ал алдында алып жүргендердің көпшілігін жұмысқа орналастырдық. Қолынан жұмыс келетіндеріне жұмыс ұсындық. Ал кей бөлігі сол қаражатты заңсыз алып келген. Бізде қазір ажырасу көбейіп кетті деп айтып жатырмыз. Білесіздер, өкінішке орай ажырасқандардың көбісі өтірік, қағаз жүзінде ажырасып, бірақ бірге тұрып жатады. Біз оның бәрін әбден зерделедік. Әрине өтірік ажырасып, қаржы алу дұрыс емес қой. Еліміздің абыройына да нұқсан келеді. Ажырасу көбейіп кеткен сияқты, бірақ шын мәнісінде ерлі-зайыптылар бірге. 8,5 млрд.-тай қаржы үнемделді. Осы бағытта заңсыз кетіп жатқан қаржы ағыны тоқтатылды. Жұмысқа жарамдыларға үш рет жұмыс ұсынғанда үш рет бас тартса, әлеуметтік көмек беру тоқтатылады, -деп “Бетпе-бет” хабарында сұхбат берген сол кездегі аймақ басшысының айтқаны бүгінгі күн талабына сайма-сай келіп отыр.

Жалпы Жолдауды оқығанда су ресурстарын тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын жетілдіру өңірлердің ұзақ мерзімді дамуы үшін маңызды екені баса айтылады. Қызылорда облысында бұл бағыттар бойынша бірқатар жыл қатарынан су үнемдеу технологияларын кеңейту мен агроөнеркәсіптік жобаларды дамыту, өндірілген өнімді сақтау мен сату барысында логистикаға айрықша мән берілуде.

Елдегі жасалып жатқан жұмыстардың, жүзеге асып жатқан жобалардың ауқымдылығы, маңыздылығы жалпы елдің даму бағытындағы сәйкестігіне қарап, басшылардың заман үнімен үндесе білген көрегенділігін көруге болар…

АЙДАНА ӘЛИАРЫСТАН

«БІР ТАМШЫ ҚАН – БІР АДАМНЫҢ ӨМІРІНЕ ҮМІТ!»

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Машбекұлы Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығына арнайы барып, қан тапсырды.

Бұл-жай ғана донорлық емес, адам өміріне деген жанашырлықтың, азаматтық жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Өйткені аурухана төсегінде өмір үшін күресіп жатқан әрбір науқастың артында үмітпен күткен отбасы, тілеуін тілеген жақындары бар.

Бүгін тапсырылған қан ертең бір ананың баласын, бір баланың әкесін, бір отбасының ардақты жанын аман алып қалуы мүмкін.

Адам өмірін сақтап қалу үшін міндетті түрде дәрігер болу шарт емес. Кейде донор болудың өзі үлкен ерлік!

Оңғар Саймасаевтың ФБ парақшасынан



НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ДӘЙЕКТІ СӨЗДЕРІ

- ✓ **«Уәде — орындалуымен құнды»**
- **«Біз халықтың өтінішін орындауға тиістіміз!»**
- ✓ **«Біз қай кезде де ашықтық қағидатын ұстанамыз»**
- ✓ **«Ел дамуы жолында аянбай қызмет ететін боламыз»**
- ✓ **«Экономиканы көтерудің төте жолы — кәсіпкерлікті дамыту»**
- ✓ **«Мемлекеттік қызметшілердің бойында профессионализм, яғни нағыз маман атану және отаншылдық қасиеті болуы керек»**
- ✓ **«Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру»**
- ✓ **«Ел игілігі мен балаларымыздың болашағы үшін жасалатын ауқымды жобалар жалғасын табады»**
- ✓ **«Біздің де басты ұстанымымыз аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени, қоғамдық-саяси дамуы жолында аянбай қызмет етіп жүрген азаматтарға құрмет көрсету, еңбегін лайықты бағалау»**
- ✓ **«Халықтың әл-ауқатын көтеру біздің стратегиялық мақсатымыз».**
- ✓ **«Ең басты мақсатымыз елге қызмет ету деп білдік».**
- ✓ **«Қайда жүрсек те, қандай қызметте болсақ та туған жер үшін еңбек етуді жалғастырамыз»**
- ✓ **«Біздің алдымызда тұрған басты міндет – өңірдің экономикалық әлеуетін арттыру үшін сыртпен байланысты нығайтып, инвестиция тарту»**
- ✓ **«Жетістікке жету үшін ең бірінші әр саланың, әр маманның, қоғамның қолдауы аса маңызды»**
- ✓ **«Елмен бірге еңбек етеміз, қоғаммен кеңесіп әрекет қыламыз»**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН БАҚЫЛАЙДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті.

Үкіметтің 2026 жылғы 3 тамыздағы қаулысына сәйкес Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің құрылымы өзгертіліп, екі дербес ведомство құрылды. Медициналық бақылау комитеті медициналық қызмет сапасын бақылаумен айналысады.

Фармация комитеті фармацевтикалық қызмет пен дәрілік заттардың айналымына жауап береді.

Осыған орай комитеттің өңірлердегі аумақтық департаменттері де жаңа ведомстволарға сәйкес қайта құрылды. Денсаулық сақтау министрінің келісімі негізінде, Медициналық бақылау комитеті төрағасының бұйрығымен комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына Жақсылық Жанерке Алмасқызы тағайындалды.

Жаңа басшыға өңірдегі медициналық қызмет көрсету саласын бақылау және қадағалау, медициналық қызметті лицензиялау және рұқсат беру рәсімдерін заңға сәйкес ұйымдастыру тапсырылды.

Жанерке Алмасқызы 1992 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

2009-2016 жылдары Ақтөбе қаласындағы М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетін «Жалпы тәжірибелі дәрігер» мамандығы бойынша үздік бітірген.

Еңбек жолын 2017 жылы №3 қалалық емханада учаскелік дәрігер ретінде бастап, осы емханада бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің орынбасары лауазымдарын атқарған.

2023-2026 жылдары Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары болып жұмыс істеген. 2026 жылдың маусым айынан бүгінгі күнге дейін аталған департаменттің басшысы қызметін атқарып келді.

АУМАҚТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ БОЛДЫ

Энергетика министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті төрағасының бұйрығымен аталған комитеттің Қызылорда облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Оспан Берден Ерболұлы таныстырылды.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, энергетикалық жабдықтар, электр станциялары мен желілерінің қауіпсіздігіне, тұрақты жұмысына қатысты тапсырма берді. Оған қоса электр және жылу энергетикасы саласындағы заңнама талаптарының қатаң сақталуын бақылау міндеттелді. Энергия өндіруші және беруші ұйымдар мен жүйелік операторлардың күзгі-қысқы кезеңге дайындығын пысықтап, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының сапалы әрі мерзімінде орындалуына да тиісті бақылау жүргізу керек.

Берден Ерболұлы 1996 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Алматы энергетика және байланыс университетін электр энергетикасы, Қазақ ұлттық аграрлық университетін жерді баптау және қорғау, Еуразиялық заң академиясын құқықтану мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2018 жылы Алматы қаласы әкімдігінің энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасында бас маман болып бастаған. Кейінгі жылдары энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында түрлі жауапты қызметтер атқарған.



Адалдықтың айдосовы...

(Абылай Хангерейұлы Айдосовтың туғанына 90 жыл толуына орай ой-толғаныс)

Адамның қалыптасу сатысында белгілі бір тұлғалардың әсерлі өнегесі ерекше орын алатыны сөзсіз. Мұны айтып отырғандағы ойым қоғамның дамуы, табиғаттың әрдайым түрленуі аспан әлемін белгілі бір траекториямен Жер ананы қозғалысқа салуында емес, сол құпияға толы жол сапарындағы өз пенделерінің тіршілік аясындағы сан қырлы іс-әрекеттерінен туындаған белгілі бір нәрсеге қайшылықты көзқарастарының толғағы жетіп, шешімін күткен уақыт кезеңімен сәйкес келуінде. Заманның бір толқын перзенттерінің өмірлік көзқарастарының бір арнаға тоғысуы жоғары айтқан қоғамның өзгерістерге ұшырауына белгілі дәрежеде ықпал жасайтыны мәлім. Сыр бойындағы жаңа толқын, жаңа леппен, адамдар арасындағы ғасырлар бойғы армандаған сыйластықты, адами қарым-қатынастың адамгершілік формасындағы үлгісін қалыптастыруға, соны насихаттауға бүкіл елдің идеологиялық аппаратының бастауы болған жастар ұйымына жетекшілік рөл атқаруға аса мән берілген уақыт болатын. Бұл өткен ғасырдың 60-70 жылдарындағы комсомол атты ұйымға жетекшілік жасаған азаматтардың көпшілігіне тән қасиет еді. Бірақ дәл осы ортада Абылай Хангерейұлы Айдосовтың орны ерекше болатын. Облыс жастарының жетекшісі болу кез-келген пендеге беріле салатын, сенім білдіре коятын қызмет орны емес-тұғын. Абылай Хангерейұлының Тереңөзек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып, сонан Оңтүстік Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің хатшылығынан Қызылорда облыстық комитетіне бірінші хатшы болып сайлануы көп нәрсені анғартса керек. Бұл арада бұл азаматтың білімділігі, іскерлігі, бұқара халықпен арадағы байланыстың қалыптасуына негіз жасайтын өз аудиториясын дереу таңдай алуы, сөзге шеберлігі, жастар тәрбиесі дегендегі қөзқарасының беріктігі де үлкен рөл атқарғаны анық. Бәріміз де комсомол мүшесі болдық. Идеалды өмірдің болмайтыны секілді жастар тәрбиесіндегі жұмыстың да олқылықтары мен жетістіктері қатар жүретінін жұмыс істей жүріп байқадық, күнделікті тіршілік таразысынан өткіздік.

Абылай Хангерейұлымен алғашқы жүзбе-жүз кездесуім есімнен кетпейді. 1969 жылы Арал ауданы балық өнеркәсібі комсомол комитетінің (аудандық комсомол комитететінің құқығы бар) хатшысы болып сайланғаныммен, ол кісінің кабылдауында болмаған екенмін.

Бүкілодақтық жоғарғы комсомол мектебінің Фрунзе каласындағы филиалында қысқа мерзімді курста болып, Орта Азия республикаларының жастар жетекшілерімен өзара тәжірибе алмасып, пікір алысып қайтқанбыз. Ауылға келісімен мені (Арал балық өнеркәсібі комсомол комитеті) Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің секретариатында «Комсомол - селолық мектепке» деген мәселемен тыңдайтын болыпты. Осы мәселені зерттеуге Орталык Комитеттің мектеп және студент жастар бөлімінің нұсқаушысы Валентина Ушакова келіп, көретін жерін көрсетіп, аралайтын жерін аралатып қайтарғанбыз. Мен аптаның аяғында ма деп білдім. Бұрын еш жерде есеп бермей-ак, бірден Орталық Комитетке есеп беріп, бір мәртебеге жеттік-ау. Келесі күні таңертеңгілік Орталық Комитеттің насихат және мәдени - көпшілік жұмыстар бөлімінің меңгерушісі, бұрынғы Қызылорда облыстық комсомол комитетінің хатшысы Садықбек Хангелдиннің қабылдауында болдым. Менімен пікірлесу кезінде ол маған өте терең мағлұматтар берді. Саланың айналысатын мәселелері өте ауқымды екеніне, тәрбие жұмысының майда дегені болмайтындығына, бәріне ерекше мән беру керектігіне, ұлттық дәстүр, салт-сана, мәдениет атаулыға айрықша көзқарастың болуына, ауылдың тұнған талант екенін, оны дер кезінде танып, колдау қажеттігіне, жастардың саяси сауатын көтеруге, не керек, қажет деп тапсаң бейіттерге дейін мән беру керектігіне баса назар аударды. Осыларды айтып отырғанда шын беріле, ағынан жарылып, ұлттық намысты оятып, болатын Орталық Комитеттің секретариатына дайындалуға кірістім.

Бұл жерде айтатын бір нәрсе, біздің аудандық комитетте Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бір мүшесі, облыстық комитеттің екі бірдей мүшесі, Арал аудандық комитетінің штаттан тыс хатшысы, әрі Арал аудандық комсомол комитетінің жеті бірдей мүшесі бар облыстағы бірден – бір аудандық комитеттің құқындағы ұйым болатын.

Алдын-ала дайындалған материалдарымды көрсетуге облыстық комсомол комитетіне келіп, оның мектеп және студент жастар бөлімінің меңгерушісі Гүлбахрам Шахмұратқызы Саткееваның кабинетіне кірдім. Бұрын сыртынан көріп жүргенмін. Жүріс-тұрысы мықты, сөйлеген сөзі салмақты, қазақшасынан гөрі орысшасы кәдімгідей өзіне тән үйлесімді биязы үнмен шығатын қыз екен. Менің қағаздарымды зер сала оқып, грамматикалық, стилистикалық қателерімді жөндеп, мәселенің қойылуына сай талапқа бағыттап, қайтадан машинкаға бастырып, мені Орталық Комитеттің алдындағы есепке дайындады. Сонан соң бұл сала бойынша куратор, облыстық комсомол комитетінің хатшысы Рая Жорабайқызы Ахметоваға таныстырды. Содан кейін облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Абылай Хангерейұлы Айдосов қабылдап, жұмыстарымның барысын сұрап, ауылдағы жастар ұйымының қызметінен толық хабардар екенін, Орталық Комитеттегі есепке асқан жауапкершілікпен дайындалу керек екенін ескертті. Сосын сәл ойланып: сенің жасың әлі 24-те, біз сені озімізге резерв есебінде дайындасақ, үлкен мектептен өтесің, тәжірибе жинактайсың, облыстық комитеттің аппаратына қызметке алсақ, бұрынғы қызметкер Исатай Елубаев Қызылорда қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Осы ұсыныска қалай қарайсың деді. Шынын айтайын, бұны мен күтпеген едім. Бар болғаны босатылған комсомол кызметінде бір жылдай ғана болдым. Үнсіз келіскенімді байқап, облыстық комсомол комитетінің комсомол жұмыстары бөлімінің меңгерушісі Қожамжар Наурызбаевты шақырып, құжаттарды дайындауды тапсырды. Бұл кісіні пединституттан білетін едім. Бұған дейін ол Шығыс Қазакстан облысында Марқакөл аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып, осы қызметке ауысқанына шамалы уақыт болған екен. Өмірімдегі айтулы уақыт осы жастарға, әсіресе, шығармашылық жұмыспен айналысатын жастарға айрықша қамқорлық жасауды ескертті. Менің түйіндегенім қазақтың азаматтары дәл осылай, Садықбек Хангелдиннің интеллектуалы жоғары, ұлтымыздың мерейін қай ортада болса да биік ұстайтынына кәміл сенімде қалдым. Орталық Комитет хатшылары тарапынан толық қолдау алып, бөлім меңгерушісіне бекітілдім. Қызылордаға қайтып келгеннен кейін А.Х.Айдосовтың қабылдауында болып, ол менің көзімше Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Т. Есетовпен телефон арқылы хабарласып, жана қызметке бекіткенін баяндады. Аудан басшысының дұрыс қолдау жасағанын сезініп отырмын. Менің тікелей хатшым Ж.Бәкіровті (бұл кісі туған ағамдай болған адам) шақырып алып, қызмет орныма отырғызды. Осы үш азаматтың А.Х.Айдосов, С.Хангелдин және Ж.Бәкіровтің маған айтқан ой тұжырымдары бір жерден шығып. өмірге деген көзқарастары сараланып, екшелген кездері екен-ау деп өзімше ой түйдім.

Сонымен мен үшін Абылай Хангерейұлы саяси көзқарасымды қалыптастырған, болашақ жұмыстарыма, қазакшалап айтканда, Ақ батасын берген абзал азамат.

Бүгіндері өткен өмір жолдарыма талдау жасап, ой қорытсам Абылай Хангерейұлы Айдосов туралы тұжырымды ойым санамнан берік орын алғанын ашық айтқым келеді.

Бұл есім сыр бойы азаматтарының арасында үлкен сенімге ие болған, үлгі-өнеге тұтып, көптеген жандардың өмір жолдарының, шынайы саяси көзқарастарының дұрыс қалыптасуына негіз қалаған, азаматтық биіктігі жоғары деңгейге жеткен бір туған тұлға. Қазақтың бұрынғы кең шалқар даласының қиыр терістігіндегі ауылда туып, Сарыарқада өскен,ата-баба қонысы болған Сыр бойына келіп, өмірлік білім бұлағының тұнбасынан нәр алып, адами жақсы қасиеттерді бойына сіңірген абзал ағамыз еді. Абылай Хангерейұлы өзінің бойындағы бар білімі мен өмірлік тәжірибесін тек өзі үшін ғана пайдаға асырған жоқ, өзге жұрттың үлгі-өнеге алуына көп қызмет жасады. Ол өзі қызметтес болған жора-жолдастарын, іні-қарындастарын, бір-бірінен бөлектеген де, алалаған да жоқ. Қайта бір-бірімен бауырмал болуға, бірін-бірі қолдауға, әрдайым жәрдемге келуге, ақыл-кеңестерін айтуға барлық уақытта ықылас-пейіл танытты. Сол мінезі мен адамгершілік қасиеті үшін де көпшілік қауым оны өзіне жақын тұтты, бауыр санады, ой бөлісті, сырласа да білді, не керек барлық адамға кейде жете де бермейтін **Адалдықтың, Шынайылықтың, Тазалықтың, Қарапайымдылықтың, Достықтың** үлгісін көрсетті.

Біздер, бұрынғы жастар ұйымының жетекшілері оның бойынан Отанға, өз еліне, жеріне, адамға дегендегі сүйіспеншілік пен махаббатты, патриотизм мен ата-баба дәстүріне, салтына берілгендікті байқап, сезіп өстік, өзімізді-өзіміз тәрбиелеуге ынта-жігерімізді аямадық. Онымен әрбір кездесуіміз, пікір бөлісуіміз екеуара әңгіме шеңберінен шығып, елдік дәрежеге дейін көтеріліп, Азаматтық биіктігімізді аласартпауға тырыстық. Олай жасамауға біздің ешқандай қақымыз да жоқ еді. Себебі біз осылай тәрбиелендік, өнеге алдық. Біздің үлгі тұтар ағалар шоғырымыз ауқымды еді. Ал, Абылай Хангерейұлы болса, сол қауымның қалың ортасындағы тұғыры биік, парасатқа толы, ибалылығы мол, ақыл-ойдың тұздығын келістірген Сыр бойының адал, кең пейілді, үлкен жүректі азаматы еді.

Ол қоғамдық өмірдің қайсыбір саласын басқармасын, билік баспалдағының жоғары сатысында болмасын, өзін әрдайым бірқалыпты ұстады, астамшылыққа бармады, адамгершілік пен азаматтық қағидалардан ауытқымауға тырысты, өзгелерден де осыны талап етті. Аумалы-төкпелі саясаттың салқынын да өз бойынан өткізді. Өзгелермен сөз таластырған да жоқ. Өзімдікі дұрыс екен деп, белден басып өркөкіректік те жасаған жоқ. Талапшылдық пен қаталдықтың ара жігін әрдайым ажырата отырып, өзгелерге сабақ боларлықтай, тағылымды өмір кешті. Өмір сүру бір басқа да, сол өмірді қалай өткізгеніне баға берер халық болса, оның шын бағасын берер өз замандастары, қызметтестері мен ізбасарлары еді. Абылай Хангерейұлы Сыр бойына өшпес із қалдырған абзал азамат. Кейбіреулер белгілі бір тұлғаның өзінің артында қалдырған игілікті істері: әсем ғимараттар салумен, ағаш егумен, каналдар қазумен, өлең-жыр жазумен т.с.с. өнегелі істерімен айшықталатын болса, ол адамдар бойынан бір жақсы игілікті қасиеттердің берік орнығуына, өзінен үлгі алуына үнемі белсенділік жасап, өмір кешкен үлкен тұлға.

Абылай Хангерейұлы айтатынды: Жігіттер, біздер өмірдегі барлық жағдайларға дайын болуымыз керек, болмашы кедергілерге еңсемізді түсірмей, байтақ еліміздің ақыл-парасатқа толы азаматтарына тән байсалды мінез көрсетіп, сабырлық сақтап, өркенді елдің өрелі жігіттеріне сай қадам жасауымыз керек. Өзі де өмірінің соңғы сағатына дейін осы қалыптан айныған жоқ.

Екі тілде бірдей еркін сөйлеп, шешендік танытқан, өз ойы мен тұжырымын тыңдаушыларына кедергісіз жеткізетін, саясат әлемінде өз орнын белгілеп ғана қоймай, комсомол атты мектептің мәңгілік басшысы ретінде өмірде қалған сыр бойының перзенті Абылай Хангерейұлы Айдосовтың өмірден өткеніне де 17 жыл өтіпті, туғанына 90 жыл болыпты.

Сайлаубай ӘБІШЕВ,
облыстық «Ұрпақтан - ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері, бұрынғы Шиелі аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық партия комитетінің хатшысы, Қызылорда қаласы мен Арал ауданының Құрметті Азаматы.

СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНАН НАҚТЫ НӘТИЖЕ БАР

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың Қармақшы ауданына жұмыс сапары кезінде егін шаруашылығын әртараптандыру, су ресурстарын тиімді пайдалану және су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу мәселелері талқыланған семинар-кеңес өтті.

Оған Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттердің, өңірлік даму және қаржы институттарының басшылары, ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері мен сала мамандары қатысты.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса мән беруді тапсырып, бұл бағыттағы табысты жобаларды атап өтті.

– «Мәселен, Қызылорда облысының шаруалары қатаң климатқа қарамастан жүгері мен соя өсіріп, оны өңдеумен айналысады. Үкімет осындай озық тәжірибелердің ел аумағында кең тарауына жағдай жасап, инвесторларға уақытылы қолдау көрсетуі керек» деп заманауи тәсілдерді жан-жақты пайдаланудың маңызына тоқталды.

Алдымен аймақ басшысы жүгері алқабындағы жұмыстарды көріп, дақыл тұқымдарының, минералды тыңайтқыштардың көрмесімен танысты.

Жиында су тапшылығы жағдайында егіс құрылымын оңтайландыру, суды аз қажет ететін дақылдардың көлемін ұлғайту және заманауи агротехнологияларды өндіріске енгізу мәселелері қаралды.

– «Біз егіс құрылымын әртараптандыру арқылы су ресурстарына түсетін жүктемені азайтып қана қоймай, шаруашылықтардың табысын арттыруға, жаңа өндірістерді дамытуға және агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік аламыз.

Үкімет кешенді мемлекеттік қолдауды кеңейтіп, ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерінің қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттыруға және саланың орнықты дамуына қолайлы жағдай жасауда. Жүйелі жұмыстардың арқасында ауыл шаруашылығы саласында айтарлықтай серпін байқалып, жалпы өнім көлемі жыл сайын артып келеді», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Семинарда ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, егіс алқаптарын әртараптандыру, су ресурстарын ұтымды пайдалану және жүгері алқаптарын ұлғайтуға қатысты нақты міндеттер қойылды.

Жауапты сала басшыларына алдағы жылдарға жоспарланған егіс көлемін бақылауда ұстау, су ресурстарын тиімді пайдалану, егісті әртараптандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу тапсырылды.

Басқосуда облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, «Ақтөбе және К» серіктестігінің директоры Нұрлан Іздібаев, «Таң ЛТД» серіктестігінің директоры Имамзада Шағыртаев, «Әлем Агро» компаниясының Қызылорда облысы бойынша өкілі Болатбек Тәуіпбаев баяндама жасады.

Биыл өңірде 193 700 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, күріш көлемі қысқартылды. Оның орнына суды аз қажет ететін, экономикалық тиімділігі жоғары баламалы дақылдардың егіс көлемі ұлғайтылуда.

Су үнемдеу технологияларын енгізуде нақты нәтиже бар. Атап айтқанда өткен жылы 8 100 гектар алқапқа ылғал сақтайтын технологиялар қолданылса, биыл бұл көрсеткіш 14 200 гектарға жетті.
Ал лазерлік тегістеу жүргізілген егістік көлемі 65 мың гектар болды.
Мемлекет басшысының қолдауымен облыстың егін шаруашылығын әртараптандыруға, су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуге 2026-2028 жылдарға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Оның 10 млрд. теңгесі биылға қарастырылған.

«ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ: ҚОҒАМ ҮНІ»

Бүгінгі таңда есірткі дерті — тек жеке адамның трагедиясы емес, бүкіл қоғам мен ұлт келешегіне төнген аса ауыр қатер. Әсіресе, цифрлық технологиялар мен мессенджерлер арқылы жедел таралатын синтетикалық есірткілер жастардың өмірін улап, қоғамдық қауіпсіздікке нұқсан келтіруде.

Осы тұста «Есірткісіз болашақ: қоғам үні» идеясы әрбір азаматты бейжай қалдырмауы тиіс.

Есірткімен күресті тек құқық қорғау органдарына жүктеп қою жеткіліксіз. Нашақорлықтың алдын алу — мектеп, ата-ана, студенттер мен әрбір саналы азаматтың ортақ азаматтық жауапкершілігі болып табылады.

Біз «маған қатысы жоқ» деген енжарлықтан арылып, қоғам болып бұл кеселге бекем тосқауыл қоюымыз қажет. Нағыз бақыт есірткінің уақытша елесінде емес, білім алуда, бұқаралық спортпен шұғылдануда және салауатты өмір салтын берік ұстануда жатыр.

Әрбір жас өзінің болашағы мен өмір жолының негізгі сәулетшісі болып табылады. Жастық шақтың жалынды қуатын зиянды әдеттерге емес, терең білімге, шығармашылыққа және Отанға адал қызмет етуге арнау — басты міндет.

Біз ынтымақтаса біріккенде ғана есірткісіз, салауатты әрі қауіпсіз қоғам құра аламыз. Болашағымыз өз қолымызда, ендеше жарқын келешек үшін зиянды әдеттерге бірге «жоқ» деп айтайық!

Шарапхан Айзере
11 «Ә» сынып оқушысы
«Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп – гимназиясы»
Жетекшісі: Әлімхан Әсел Нұрланқызы

ЖОЛ САПАСЫНА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ

Жол саласындағы реформалардың түпкі мақсаты – бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету ғана емес, тұрғындар үшін қауіпсіз, сапалы әрі ұзақ жыл пайдалануға жарамды инфрақұрылым қалыптастыру. Осы негізде елімізде автомобиль жолдарының сапасын жақсарту және жол инфрақұрылымын басқару жүйесін жетілдіру бағытында жаңа өзгерістер қолға алынуда. Аталған мәселелерді алға тартып, Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен кеңес өтті.

Жиында Мемлекет басшысының Жолдауда жүктеген міндеттерін жүзеге асыру аясында жол құрылысына қойылатын талаптарды күшейту, сапалы әрі ұзақ мерзім қызмет ететін жол желісін қалыптастыру мәселелері талқыланды. Қазіргі таңда жолдардың мерзімінен бұрын бүлінуіне әсер ететін себептерді анықтау және оның алдын алу өзекті болуда. Осыған орай мамандар жол сапасына кері ықпал ететін негізгі себептерді саралап, жұмыс жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізді.

Сонымен бірге жол саласындағы бақылау мен жауапкершілік тетіктерін қайта қарау мәселесі де көтерілді. Құрылыс материалдарының сапасы, оларды дайындау және пайдалану технологиясы, атқарылған жұмыстың белгіленген стандарттарға сәйкестігі қатаң қадағаланады. Бұл ретте мердігер мекемелерге артылар жауапкершілік жүгі арта түсетіні белгілі. Себебі, салынар жолдың сапасына енді қатаң түрде мән бермек.

Айта кетейік, өңірлердегі жол шаруашылығын тиімді ұйымдастыру да назардан тыс қалған жоқ. Арнайы жұмыс тобы жергілікті жолдарды басқару ісіндегі мәселелерді зерделеп, орталық пен аймақтар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған ұсыныстарды да әзірледі.

Осы орайда, отырысқа Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Аталған жиыннан соң аймақ басшысы жауаптыларға өңірдегі жол құрылысы мен көлік бақылауының жұмысын күшейтуді қолға алу қажеттігін жеткізді.

Аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлы жол саласындағы жұмыстардың Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген міндеттермен сабақтастығына тоқталып, қолға алынған жобаларды сапалы әрі уақытылы аяқтаудың маңызын атап өтті.

Оның айтуынша автомобиль жолдарының жағдайы мен сервистік инфрақұрылымның дамуы елдің транзиттік әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады.

2026 ЖЫЛЫ 11 МЫҢ ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ЖОЛ САЛЫНЫП, ЖӨНДЕЛЕДІ

- *3,4 мың шақырым – республикалық маңызы бар жолдардың құрылысы мен реконструкциясы;*
- *5 мың шақырым – республикалық жолдарды күрделі және орташа жөндеу;*
- *2,4 мың шақырым – жергілікті жолдарды жөндеу.*

Жаңа стратегиялық жол жобалары:

- *«Орталық – Батыс»;*
- *«Бейнеу – Сексеуіл»;*
- *«Қызылорда – Сексеуіл»;*
- *«Ұлғайсын – Сексеуіл»;*
- *«Ақтөбе – Қызылорда» бағытын жаңғырту.*

Жол саласын цифрландыру

E-Joldar бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу жоспарланған. Ол жолдардың жағдайы, жөндеу жұмыстары және құжаттары туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етіп, қоғамдық бақылауға мүмкіндік береді.

Қызылорда облысындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 3 525 шақырымды құрайды. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 1025 шақырым, облыстық жолдар – 555 шақырым, аудандық маңызы бар жолдар – 1 945 шақырым. Биыл осы инфрақұрылымды дамытуға 43,8 млрд. теңге қарастырылған. Бөлінген қаражат есебінен 168 шақырым автомобиль жолы мен көше, сондай-ақ көпірлерді жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңына дейін жақсы жағдайдағы жолдардың үлесін 95,5 пайызға жеткізу жоспарланып отыр.

Қызылорда облысының әкімі Мұрат Нәлқожаұлы:

- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында: «Біздің негізгі мақсатымыз – еліміздегі жолдардың әлеуетін нығайтып, азаматтарымыздың табысын арттыру. Алдымызда республикалық және жергілікті деңгейдегі жолдарды сапалы салу бойынша аса маңызды міндет тұр. Сапалы жолдар мен заманауи сервистік инфрақұрылымсыз еліміздің көлік-логистикалық орталыққа, ірі транзиттік аймаққа айналуы мүмкін емес. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды сапалы етіп орындауды қатаң тапсырды. Біздің міндетіміз – Жолдаудағы бастамалардың мерзімінде, нәтижелі іске асуын қамтамасыз ету. Бұл бағытта өңірімізде басталған автожол құрылыстарын сапалы жүргізіп, белгіленген мерзімде аяқтауымыз қажет»,– деді.

Жиында көліктік бақылау инспекциясына мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, облыстағы автокөлік бекеттерін жаңғырту жұмыстарын жеделдету тапсырылды. Сонымен қатар Полиция департаментімен бірлесіп, бекеттердегі бақылау шараларын күшейтіп, жол сапасының бұзылуына себеп болатын шамадан тыс жүк тиелген көліктердің қозғалысын қадағалау үшін тұрақты рейдтер өткізу міндеттелді. Тексеру нәтижелері, анықталған заң бұзушылықтар, салынған айыппұлдар мен қабылданған шаралар бойынша нақты есеп те беріледі. Қала және аудан әкімдеріне Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен «ҚазАвтоЖол» мекемесімен бірлесіп, анықталған кемшіліктерді үш күн мерзімде реттеу де тапсырылды.

ЖАҢА МІНДЕТТЕР МЕН БАСЫМДЫҚТАР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты халыққа Жолдауында айтылған негізгі тапсырмалар бойынша жұмыстар басталып кетті. Осы негізде Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында стратегиялық жоспарларды тиімді орындау әдістерін талқыға салды. Оның пікірінше, ең алдымен Үкімет пен әкімдіктер қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білу қажет.

- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев "Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері" атты халыққа Жолдауында Әділетті, Күшті, Таза, Озық Қазақстанды құруды басты мақсат ретінде айқындады. Оған қол жеткізу үшін еліміздің мол әлеуеті мен қазіргі заманауи инновациялық жағдайларда беріліп отырған орасан зор мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалануымыз қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен жиынға Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық байланыс арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін өткен кеңесте Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттерді өңірде жүзеге асыру мәселелері қаралды. Облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлы жауапты басқармалар мен қала, аудан әкімдеріне жұмыстың негізгі бағыттары бойынша тапсырмалар жүктеді.

Мұрат Ергешбаев Жолдауда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігін арттыру қажеттігін атап өтті. Әрбір салада жоспарланған жұмыстар нақты көрсеткіштермен өлшеніп, қабылданған шешімдер тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталуы тиіс екенін жеткізді.

- «Президентіміздің Жолдауы – еліміздің алдағы даму бағыттарын айқындайтын маңызды құжат. Ендігі міндет – белгіленген басымдықтарды жүйелі жүзеге асырып, нақты нәтижеге қол жеткізу. Әрбір басқарма басшысы, қала және аудан әкімдері өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Жұмысымыздың басты өлшемі – халықтың сенімі мен өңірдің тұрақты дамуы. Сондықтан барлық бағыт бойынша күш біріктіріп, тапсырмаларды сапалы әрі уақытылы орындау қажет», – деді Мұрат Ергешбаев.

Жиында бір емес бірнеше салаға қатысты мәселелер көтеріліп, облыс дамуы үшін аталған бағыттар бойынша тиянақты тапсырмалар берілді және жоспар да бекітілді. Мысалы, алда экономиканы дамыту мәселесінде инвестициялық белсенділікті арттыру, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және өндіріс орындарының жұмысын кеңейтуге басымдық берілмек. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласының мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, жаңа жобаларды жүзеге асыру және отандық өнім өндірісін көбейту міндеті қойылды.

Өңірдегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға қатысты қажеттіліктер де қайта зерделенбек. Осы мақсатта мектептер, денсаулық сақтау ұйымдары, мәдениет және спорт нысандары бойынша сұраныс пен қажеттілікке талдау жүргізіледі. Ал коммуналдық қызметтердің сапасын жақсарту, жол қатынасын оңтайландыру және қолға алынған құрылыс жобаларын белгіленген мерзімде аяқтау жұмыстары тұрақты бақылауда болмақ. Сәйкесінше, бөлінген қаражаттың тиесілі әрі тиімді жұмсалуына да ерекше назар аударылмақ.

Облыс әкімінің сөзінше, әлеуметтік саланың дамуы да негізгі басымдықтардың қатарында. Осы орайда, ол білім беру және медицина ұйымдарындағы қызмет сапасын көтеру, білікті мамандар тапшылығын төмендету, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту мәселелері бойынша тиісті шаралар қабылдауды тапсырды. Әсіресе балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және білім беру ұйымдарындағы жағдайды жақсарту жұмыстары назардан тыс қалмауы тиіс екенін де атап өтті.

Одан бөлек, қаржының игерілуіне кедергі келтіретін мәселелерді уақытында анықтап, оларды шешу қажеттігі айтылды. Мемлекеттік сатып алу үдерістерінің ашықтығы, мердігерлер орындаған жұмыстардың сапасы және бюджеттен бөлінген қаражаттың нақты нәтижесі жүйелі түрде тексеріліп отырады.

Мұрат Ергешбаев басқосуда халықпен тұрақты байланыс орнату мәселесіне де баса мән берді. Облыс әкімі басқарма басшыларына, қала және аудан әкімдеріне тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын назардан тыс қалдырмай, оларды белгіленген мерзімде қарауды тапсырды. Сонымен бірге елді мекендердегі өзекті мәселелерді дер кезінде анықтап, шешімін таппаған түйткілдердің өзгеріссіз қалуына жол бермеу қажеттігін ескертті.

Жалпы, Жолдауды қолдау аясында өткізілген жиында белгіленген міндеттер өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға және мемлекеттік басқару сапасын жақсартуға бағытталды. Ендігі кезекте жауапты мекемелерге жүктелген тапсырмалардың орындалу барысы мен нәтижесі бақылауда болмақ.

ӘУЕЖАЙ ЖАҢҒЫРТУДАН ӨТЕДІ

Қазақстанның өңірлік авиация саласын дамыту, әуе қатынасының қолжетімділігін арттыру және транзиттік әлеуетін тиімді пайдалану бағытында жұмыстар жалғасуда. Осы мәселелер Петропавл қаласының әуежайын дамытуға арналған кеңесте жан-жақты қаралды. Жиынды Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев өткізді.

Басқосуға Солтүстік Қазақстан облысының әкімі, Көлік және Энергетика министрліктері басшыларының орынбасарлары, сондай-ақ «Қызылжар халықаралық әуежайы» ЖШС басшысы қатысты.

Жиында Мемлекет басшысының авиация саласын дамыту, заманауи әуе хабтарын қалыптастыру және Қазақстанның халықаралық көлік дәліздеріндегі орнын нығайту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы сөз болды. Атап айтқанда, Петропавл әуежайының техникалық мүмкіндіктерін арттыру, әуе бағыттарының санын көбейту, жолаушылар мен жүк тасымалы көлемін ұлғайту мәселелеріне басымдық берілді.

Әуежай жұмысының соңғы жылдардағы көрсеткіштері де назар аударуға тұрарлық. Мәселен, 2025 жылы әуе айлағы 132,5 мың жолаушыға қызмет көрсеткен. Бұл – 2021 жылғы көрсеткіштен 6,5 есе жоғары. Бұған қоса, жанармай құю кешенінің жұмысы қайта жанданып, түнгі уақытта әуе рейстерін орындауға кедергі болған шектеулер жойылған.

Кеңесте тек Петропавл әуежайы ғана емес, жолаушылар ағыны төмен өңірлік әуе айлақтарының әлеуетін арттыру мәселесі де көтерілді. Олардың тұрақты қызметін қамтамасыз ету, техникалық базасын жаңарту, жаңа бағыттарды игеру және шалғай елді мекендердің көлік қатынасын жақсарту қажеттігі атап өтілді.

Жиын соңында Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға белгіленген жобаларды сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру, әуежайлардың жұмыс тиімділігін арттыру және еліміздің транзиттік-көлік мүмкіндіктерін толық пайдалану бағытында нақты тапсырмалар жүктеді.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМЫТПАҚ

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көлік-логистика саласын дамытуға, транзиттік әлеуетті арттыруға және жол инфрақұрылымын жаңғыртуға қатысты тапсырмасына орай, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында бірқатар әлеуметтік, жол-көлік және энергетикалық нысандарды аралады.

Сапар аясында Өскемен қаласындағы Сәтбаев даңғылы мен Жібек жолы көшесінің қиылысында салынып жатқан жол айырығының құрылыс барысымен танысты. Жоба толық жүзеге асқанда нысанның өткізу қабілеті тәулігіне 85 мыңнан 200 мыңнан астам көлікке дейін артады. Жауапты тұлғаларға құрылыс сапасы мен мерзімін сақтау жөнінде тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар Тереңсай асуын айналып өтетін автомобиль жолы мен Пихтовка өзені арқылы өтетін көпір пайдалануға берілді. Жаңа нысандар көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, елді мекендер арасындағы қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді. Нұрлыбек Нәлібаев аталған өңір тұрғындарын құттықтап, бұның бәрі Президенттің халыққа жолдаған Жолдауы аясында жүзеге асып жатқан жұмыс екенін жеткізді.

- Бұл – өңір үшін ғана емес, еліміздің көлік инфрақұрылымын дамыту жолындағы да маңызды оқиға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Үкімет алдағы уақытта да еліміздің көлік инфрақұрылымын жаңғырту және өңірлердің транзиттік мүмкіндіктерін кеңейту жұмыстарын жалғастырады. Бүгінгі жаңа жол Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, өңірдің туристік және инвестициялық әлеуетін арттыра түссін! Баршаңызды осы айтулы оқиғамен шын жүректен құттықтаймын! — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Бұдан бөлек Премьер-министрдің бірінші орынбасары Өскемен су электр станциясы мен жылу электр орталығында болды. СЭС-тегі төртінші гидроагрегатты жаңғырту жұмыстарының барысын қарап, энергетикалық жабдықтардың сенімді әрі тиімді жұмысын қамтамасыз ету бойынша жауапты басшыларға тапсырмалар жүктеді.

Аталған жобалар өңірдің көлік қатынасын жақсартуға, медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға және энергетикалық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

А.ӘЛИАРЫСТАН

ТЕГІН ДӘРІ АРТЫҚ, НЕ КЕМ БОЛМАУЫ КЕРЕК

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы Президент Жолдауын іске асырудың Өңірлік жоспарын әзірлеп, бекітуді тапсырды.

– «Мемлекет басшысы Үкімет пен өңір әкімдеріне экономиканың тұрақты өсімі, инвестиция тарту және инфрақұрылымды жаңғырту жөнінде міндеттер жүктеді.

Ендігі бағытымыз – Жолдауда айтылған бастамаларды нақты істермен ұштастырып, оларды тиімді әрі нәтижелі жүзеге асыру. Осыған байланысты облыстық экономика және қаржы басқармасы 10 қарашаға дейін барлық тапсырманы қамтитын өңірлік жоспар әзірлеуі қажет.

Күн тәртібіндегі келесі маңызды мәселе – халықты сапалы дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету.

Өздеріңізге белгілі, диспансерлік есепте тұрған азаматтарға тегін дәрілік заттар республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен беріледі.

Биыл республикалық бюджеттен бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 3,9 млрд. теңгеге артып, 12,9 млрд. теңге болды. «СК-Фармация» мекемесі жыл басынан бері өңірге республикалық бюджет есебінен 11,9 млрд. теңгенің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын жеткізіп, 149 мың науқас 9,4 млрд. теңгенің дәрілік заттарын алды. Сондай-ақ биылғы 10 айда 481 науқасқа 1,7 млрд. теңгенің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдары берілген.

Мәжіліс қорытындысында облыс әкімі жауапты сала басшыларына бірқатар нақты тапсырма берді. Атап айтқанда, жыл соңына дейін облыс тұрғындарын дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен толық қамтамасыз ету, келесі жылға арналған қажеттіліктің нақты жоспарын әзірлеу керек. Дәрілік заттарға деген нақты сұраныс ескерілуі тиіс, негізсіз артық немесе жеткіліксіз етіп тапсырыс беруге болмайды. Осы ретте медициналық ұйымдардың дәрі-дәрмекпен қамтылуын тұрақты бақылау, жүйелі мониторинг жүргізу тапсырылды.

Денсаулық сақтау министрлігінің клиникалық фармакология қызметін жетілдіру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес, облыстағы 14 медициналық ұйымда госпитальдық фармация бөлімшелері ашылды.

Бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да сапалы әрі жүйелі түрде жалғастыру қажет», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Қуанышбаев атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде баяндама жасады.

САЛЫҚ ТҮСІМІ АРТАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Онда 2026 жылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, бюджет қаражатының игерілуі және салық базасын ұлғайту мәселелері қаралды.

Мәжілісте облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Сәкен Мырзабек, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев баяндама жасады.

Аймақ басшысы қала және аудан әкімдеріне кіріс көздерін ұлғайтуды, бюджет және салық түсімдері бойынша қалыптасқан олқылықтардың орнын толтыруды тапсырды.

– «Қала, аудан әкімдіктері, резерв көздерін өз аумақтарыңыздан іздестіріп, жұмысты жандандыру қажет. Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, жоспарланған түсімдерді толық орындауды қатаң тапсырамын», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Өткен жылдардағы салық берешектерін өндіріп алу және алдағы уақытта берешектің өсуіне жол бермеуге қатысты Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктеріне, мемлекеттік кірістер, полиция және экология департаменттеріне нақты міндеттер жүктелді.

Сондай-ақ экологиялық талаптардың сақталуын қадағалай отырып, рұқсатсыз қызметтерді анықтау және қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін төлемдер толық түсуі қажет. Еңбекақы қорын заңдастыру, жасырын табыстар мен төлемдерді анықтау керек. Осы мақсатта банк аударымдарымен қолма-қол ақша айналымына талдау жүргізіп, салық салу базасын кеңейтуге басымдық беру тапсырылды.

БІР ҮМІТ пен БІР КҮДІК

ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫ





“Адам ішпесе ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы”
Қорқыт бабадан қалған сөз

Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ

Арал қаласында түнемелік «Кіші Арал» деп ұйықтап, таңертең «Кіші Арал» деп оянатын бір азамат тұрады. Аты-жөні аудан әкімінің бірінші орынбасары Ахмедулла Үмбетов. Бір топырақтан жаралдық, бір құдықтан су іштік. Біздің мұңымыз да, жырымыз да бір. Мұңымыз – туған жерден ел көшіп, ата қонысымыздың қаңырап қалуы. Жырымыз – теңіз тағдыры. Өлген теңізді тірілту біз сияқты мұңлықтардың мұң-зарынан басталып, исі қазақтың арманына айналды. Ақыры «Аралды құтқару қоры» ауданда да, облыста да, астанамыз Алматыда да құрылды. Қаржы жиналып-ақ еді, Кремльдің жуан қарын шойтығы Павловтың ақша реформасы бәрін быт-шыт қылды. Миллион сомның миллион тиындық құны қалмады. Көкірекке шер байланды. «Жығылғанға – жұдырақ» дегендей, көреген халықтың зар жылап айтқан ақылына кері ойластырылған «Сырдария-Сарышығанақ» су жобасын қазу бос далбаса болып шықты. Мыңдаған сом қаржы құлқын құмарлардың құрдымында кетті, деген күңкіл ел ішін кезіп жүр.

Зығырданың қайнайды! Жең ұшынан жалғасқан жемқорлардың шыбын жанын қан шығармай шырқырататын заман өтіп кеткен. Арызыңды кімге айтарсың? Жалынатының айналып келгенде баяғы кеңпейіл халқымыз. Аумағы құсырылған теңізді жоқтай-жоқтай тоқсан алтыншы жылға да жеттік. Аудандық, облыстық, республикалық қорлардың жаңадан құрылуымен үмітіміз қайта жана бастады. Түбі тақырланып қалған «Аралды құтқару қорына» ауданның жаңа әкімі Алашыбай Баймырзаев менің көзімше бірінші болып 30 мың теңге салды. Ал облыс әкімі Бердібек Сапарбаев қорға үшін 200 мың теңге босатыпты. Осы қаржының арқасында көп күттірген, көңілді күпті еткен нәтижесі осы жылдың он төртінші қыркүйегінде Ұлы теңіз бен Кіші теңіздің арасын жалғаған қылта бөгелген. Бұл әрине бөгеттің табаны ғана, үлкен жұмыс әлі алда.

Енді аудан әкімінің бірінші орынбасары Үмбетов Ахмедулла екеуміз осыдан бірнеше жылға кейін шегінеміз. Арал қаласынан «Возрождение» аралына жүк жеткізіп тұру үшін әскерилер Ұлы теңіз бен Кіші теңіздің аралығын, кеме қайырлай бергесін «черпалкамен» дамылсыз қазып тұрған. Ол ұзындығы жүз метрге жуық терең өзекке айналған. 1992-жылы дария суының теңізге мол түсуіне байланысты әлгі өзектің ені біразға барды - деді Ахмедулла. Сол кезде «Казгипроводхоз» ғылыми-зерттеу институтының мамандары Қаратерең-Көкарал автожолының (бөгеттің) жобасын жасауға кіріскен еді. Үш жарым ай жүріп зерттеген.

Сонымен не керек, жоба дайын болды. Жоба бойынша бөгетке 2 млн. 480 мың текше метр топырақ кетеді. Жолдың кеңдігі 10 метрге барады. Жұмыс екі кезеңде бітеді. Әуелгі кезеңде жолдың табаны (14 шақырым) бір жарым, екінші кезеңде үш метрге көтеріледі. Бірінші кезеңнің жұмысы 5,56 млн. долларға бітеді. Бұл жұмыс 18 айда бітуі тиіс. Оның екі айы дайындық жұмыстарына кетеді.

Қағазда осылай. Ауызбен айтқанда оңай. Бірақ мұншама ұлы жұмысты батылыңыз жетіп бастап көріңіз. Тұра-тұрыңыз, әзір басталмайды. Себебі, дайын тұрған доллар жоқ - бір, екінші Сырдария - Сарышығанақ жобасы сәтсіздікке ұшырап үлгірді. Енді Кіші теңіз жасамақшы болған көзсіз ерлер қорқып қалды. Осының өзі бос әурешілік емес пе? Қаратерең - Көкарал арасына түсетін бөгет су екпініне шыдас бере ала ма? Осындай толқу туды. Ақылдаса келгенде көзсіз ерлердің ойына ленинградтық ғалымдардың жобасы оралды. Ғалым Аладин Арал проблемасымен 14 жыл айналысқан «әулие». Ол Англияның екі профессорын ертіп келген.

Сол кезде ел ішінде күңкіл басталды. Сарышығанақтың ақшасын жеп кеткендер, енді Кіші Аралдың ақшасына ауыз салды,- деп. Қайдағы ақша? Кеңес Одағы кезінде құрылған «Аралды құтқару қоры» банкротқа ұшырап біткен-ді. Павлов деген дәу бүкіл елді «банкротқа ұшыратып» кеткен-ді. Көп ішінде кім жоқ, дастархан басында ауызбен орақ оратын жалаңтөстер төбе көрсетті. Әкімшілікке барып: маған көк тиынның керегі жоқ. Бір трактор мен бір машина бер, адамдарыңды жек, ішетін арағын жіберіп тұрсаң болды, ар жағын өзіміз қатырамыз, - деп тепсінгендерді де мына көз көрген. Өсек-аяң желдей еседі, іс жылжып болар емес, қаңқу сөз көп. Әлгі тепсінген ақикөзге: – Қалай бөгейсіз дегенде: «Қаратөс» шыңының тұмсығындағы қиыршық тастарды шыңның сазымен араластырып бөгеймін. Цементтен бетер қатып қалмаса, маған кел!»-деп екпіндеді. Ой-дөйт!-деген-ай, беті бүлк етсе не дейсіз. Кіші Аралды бөгеп, Айды аспанға бір-ақ шығармақ. Сөйтіп тарихта атын қалдырмақ. Кіші теңіз жасау жолында қаншама көзіқарақты ғалымдардың басын қатырып жүргендерімен шаруасы шамалы.

Қайран теңіз, кім көрінгеннің тәлкегіне ұшырап, ермегіне айналдың-ау! Кім көрінгеннің тілінің ұшында бұлбұл ұштың-ау! Іс басында жүрген жігіттерге бәрінен де ілім-білімнен еш хабары жоқ надандардың ақыреті өтті. Аяғын басса, аузын ашса болды қай жерге дейін барады? Бір үміт пен бір күдік...

– Сіздердің мына машақаттарыңыз, яғни Қаратерең мен Көкарал арасын екінші рет бөгеу кезекті бір асығыстық емес пе? - деп Ахмедулланы сұрақтың астына алдым.

– Ағажан, асығу керек! Асықпасақ болмайды! - деп ол кабинетін кезіп кетті. - Бұрындары бүкіл теңіз үшке бөлініп қалады деуші едік. Енді, Кіші Аралдың өзі бөлініп барады. Санап берейін бе? деп ол саусақтарын бүге басты. Үлкен Қаратүп пен Үшшоқының арасы қосылды. Бір ме? Ақеспе бағытындағы (Бутаков шығанағы) Тастүбек пен Домалақтың арасы қосылып та қалды. Арасында көлшік жатыр. Екі ме? Анау Сарыкөл жақтағы (Паскович шығанағы) Сарыбасат пен Көкарал ол қосылуға жақын. Үш пе? Шевченко шығанағы екіге бөлініп барады. Бес пе? Ал улы шаң, ұшпа топырақ басып жабайы жерге айналған теңіздің атырабындағы ондаған қазан шұңқырлар өз алдына. Олардан сасық иіс аңқиды. Арал аймағының енапат топырағы жел тұрған сайын ентелеп барады. Міне, осындай жағдайда әрекетсіз қалай жайбарақат отыруға болады?!

Айтып тұрғаны қисынға келеді. «Кіші теңіз жасаймыз» деп айқайлауымыздың да, қабылданған қаулыларымыздың да, белгіленген шаралардың да есебі жоқ. Соның бір де бірінен қайран болмағасын ел ішінде: «сол Кіші Аралдың керегі не, қаржыны босқа шашып» деген күңкілдің шыққанына деңгейі сылқ түсіп, бөгеттен шегініп кетті.

– Қарашаның қара суығында бірнеше адам Үшшоқыға қарай жүргенімізде 17 шақырымнан кейін теңіз шалшығына кезіктік, - деді Ахмедулла. Қатқан мұз үстіне шықтық. Ойып көргенімізде судың деңгейі 20 сантиметрдей, ал кейбір шұңқырларында тереңірек екен. Жобаны жасаушылар қателеспеген, Арал қаласының аңғарына су келетініне көзімізді жеткізді. Бөгеуді енді жоба бойынша жалғастыруға кірістік. 1993 жылы ақпан айының басында дарияның аяғында су көтеріліп, теңіз табанына тез жайыла бастады. Бөгетті биіктету наурызға дейін созылып келді де, тоқтап қалды. Себебі, құрылысшылар жолды (бөгетті) наурызға дейін салып үлгіруі керек еді, үш жарым шақырымдайын ғана салып үлгірді, қалғанына үлгіре алмады. Орып кеткен су өткел бермеді.

– Мен бөгетке жиі қатынап тұрамын, кейде бөгет басында түнеп қалып та жүрдім. Жайылып кеткен судан техникаларымыз батпақтап, аралдап қалуға айналдық, - деді Ахмедулла. - Көкектің аяғында тікұшақпен барып көргенімізде бөгетіміз жайылма судың ортасында қалыпты. Жұмысты одан әрі жалғастыруға қаржы көзі болмады. Облыстан да, республикадан да көмек бола қоймады. Сөйтіп, өзекті бірінші бөгеу өзінің эксперименттік міндетін атқарды. Кіші Аралды жасауға болатынына көзімізді жеткізді, Су шаруашылығы министрлігінің сенімі бекіді. Сол алғашқы қарқынмен бөгеттің де, Кіші теңіздің де ұлы жобасын жасаттырып, құнын есептетіп алдық, - деп Ахмедулла жоба схемалары мен құжат қағаздарды алдымызға жайып тастады. Айтпақшы, жобаны жасауға министр Н.Қыпшақбаев пен ақын ағамыз Көкімбек Салықовтың өлшеусіз көмегі болғанын жазыңызшы, жұрт білсін...

Бір үміт пен бір күдік. Біз «Арал тағдыры – адам тағдыры” деп газетте тынбай дамылдатып жүргенімізде, дария атырауындағылар апатпен арпалысумен болыпты. Әуелгі бөгеу «тегін» атқарылды деуге болады. Қызылордалық және аманөткелдік құрылысшылар еңбекақы алып та жарымапты. Енді мына көзсіз ерлер тағы да тәуекелге басыпты. Қажетті қаржының есебі белгілі болғанымен көрініп тұрған көмбесі жоқ. Мына басталған жұмыс жалаң энтузиазммен да біраз болды. Бұл әлбетте әбден үміттене-үміттене, жоғарыға қарай-қарай өзегі талғандардың айтып жүргені. Осы қаңқу ойымда, Ахмедуллаға енді әдейі не дер екен деп қиянпұрыс сұрақ қойдым:

– Кіші Арал, Кіші Арал деп шулап жүрсіңдер. Сол кіші теңіз бізге не үшін керек болып тұр? Арал халқын ұшпаққа шығара ма?

– Керек! Керек! Ойбай-ау, теңіз табанынан миллиондаған тонна улы шаң ұшып жатқан жоқ па? – деді ол осыны шынымен айтып тұрсыз ба дегендей таңырқап. - Бөгет орнықса құрғап қалған теңіз ұлтанын су басады. Ол тұзды ерітіп жібереді, шаң көтерілмейді, құм дауылына тосқауыл болады, фитомелиорацияға кететін шығындарды да 10-15 процентке кемітеді. Демек, аймақтың микроклиматы оңалады. Егер Кіші теңіз жасалатын болса, одан көлдерді есептемегенде жылына 4 мың тоннаға дейін балық аулаймыз. Қаратүп пен Көкарал аралығындағы жерлерде 2 мың басқа дейін түйе, мың қаралы жылқы өсіру жоспарымызда бар..

Мәссаға-а-н-н, қиялыңа болайын?! Жоспарлап та қойыпты бұлар. Сол күн алыс па, жақын ба?! Егер бөгет жоба бойынша толығымен бітсе, Ауан мен Ақбасты аралығындағы өзекпен су жүріп Кесаралға құлайды. (Ауан мен Ақбастыны бөліп тұратын терең өзекті жергілікті тұрғындар Кесарал дейтін). Жобада Кесаралға шлюз салу да қарастырылған, - деп айтады. Ол Кіші теңізге түсетін суды реттеп отырады. Ондай атты күн туса, көршілес Қазалы ауданы жерінің де микроклиматы тынысын кеңге салар еді. Ай, арман-ай, арман! Мынау басталған іс қаржыдан тарыққанда тоқтап қалмас па екен. Бір үміт пен бір күдіктің толғағы әл-әзір басылар емес...

СЕН ӘЛЕМНІҢ ЖАНАРЫНДАСЫҢ, АРАЛ!

Арал атырабын жайлаған экологиялық апаттың дүние-әлемнің жанарына іліккеніне де талай жылдың жүзі аунады. Енді аманшылық болса, жиырмасыншы ғасырды түгендеп, жаңа жүзжылдықты бастаймыз. Ең өкініштісі сол, алдағы ғасырдың табалдырығынан тәуелсіздігіміздің көгілдір туын желбіретіп аттайтынымыз болмаса (көңілге медеу тұтарымыз тек осы ғана), жетіскеніміз шамалы. Алдыңғы толқын - көш бастаушыларымыздың бұл ғасырдан күткен үміттері ақталған жоқ. Армандары іштерінде кетті. Олардың бастаған ісін жабық қоғамда жалғастырып тірлік кешкен біздер жаңа ғасырға экологиялық ауыртпалығымызбен итініп-соғынып, азып-тозып, әрең дегенде жеткелі тұрмыз. Табиғат-анамыздың шашын жұлып, бетін тырнап, қойынын ашып, шалқар төсін қопарып, «қос анарынан» ақ бұлақтың орнына ыбылыстың әбден ластанып ылайланған зәр-заһар сарқындысын ағызып оны бір қойдық. Бұл қисынға сенбесеңіздер, облыс көлеміндегі кез-келген санэпидстансаның лабораториясына барыңыздар да, көріңіздер. Сырдария суының құрамынан іздегендеріңізді қиналмай-ақ табасыздар.

Енді осыған жер-жердегі топырақтың, кеңістіктегі ауаның ластануын қосыңыз. Сонда, Сыр бойын жайлаған апаттың түрлері де түрленіп көбейе береді. Мына бір бүйіріміздегі Байқоңырдың ұшыру алаңдарының өзі-ақ талайымыздың тылсым көрімізді білдірмей қазып жатыр. Ғарыштың зымыран кемелері әр ұшқан сайын ауаға тарайтын гептил деген удың зәрі адамзаттың тұқым-тұқымына кететін көрінеді. Демек, олай болса, есіңнен танбаған нең қалды? Кейде кісәпір ой кимелейді: осы біздің облыста жүз процент дені сау адам бар ма екен... - деп үрейленесің.

Есіміздең танғанымыз емей немене, Үкіметіңіз де, ұлтымыз да аналары мен балаларының денсаулығын қорғай алмай отырса? Есіміздең танғанымыз емей немене, арамызда кәрі-жасымызды талғамай жалмап жатқан «аты жоқ» аурулар асқынып тұрса. Осындай қасіретті құбылыстардың алдында ғылым да, ғалым да дәрменсіз күй кешуде.

Енді Арал теңізінің сарқындысын «сақтап қаламыз» деп, «Кіші Арал жасаймыз» деп жанталасып жатырмыз. Дұрысы, жанталасқан болып жатырмыз. Осындай ниетпен шала бүлініп қарбаласқанымызбен мақдытқанымыз шамалы болып тұр. Істен сөз көп. Сөздің көп болатыны - бар мәселе қаржыға тірелген кезде, діңкеміз құрып, омалып отырып қаламыз. Егер қыруар қаржы тапсақ, баяғы Арал теңізін орнына келтіре алар ма едік?

Жоқ, енді кеш. Біз жиырма бірінші ғасырдың табалдырығынан “құр қол” аттаймыз. Бізде енді баяғы Арал теңізі болмайды, тек оның жартылай бір бөлігі ғана болады. Біз бүгінгі таңда бастан кешіп отырған экологиялық дағдарыс бүкіл әлемдік қауымдастықтың көзін осыған анық-қанық жеткізді. Үйткені, осы күні Арал дағдарысына байланысты оқиғаларды барлап, бағдарлап отырсаңыз, теңізді құтқару туралы сөз саябырсыған. Тек Арал аймағы тұрғындарының денсаулығы мен тұрмысын күйттеу орайында ғана қам-қарекет басталды. Апатты аймаққа әзірше Өзбекстанның Қарақалпақстаны мен Хорезм облысы, Түркіменстанның Ташауыз облысы мен біздің Сыр бойы кіреді. Апатты дағдарыстың ең қауіпті соққысы әсіресе осы өлкелерді күйзелтуде.

Сөйтіп, ендігі тірлік - теңізді құтқару емес, әуелі халықты тұрмыстық және экологиялық дағдарыстан қорғап қалу қарекетіне ойысқан. Бұл өзі келешекте қандай нәтиже бермек? Үміттің шырағы сөніп қалмай ма? Амалсыз не қилы ойға берілеміз. Арал аймағының тұрғындары күндердің күнінде ұрпағының келешегі үшін жан-жаққа бытырап, босып кетпес пе екен деген де күдік кимелейді. Себебі, осы күні бастан кешіп жатқан әр күніміз бір мінез шығаратын болды. Баяғыда «қарашаның қары» деген болатын еді. Биылғы қарашада қардың исін де сезгеніміз жоқ. Өткен екі қыс қатарынан қарсыз өтті. Жыл он екі ай шаң жұтатын күйге жеттік. Осы өткен аптада күні бойы қатты дауыл тұрды. Сонда Қызылорданың орталық алаңына құм жауды. Бұл бізді қоршаған төңірегіміздің жалаңаштанып жұтағанының тура мысалы емес пе? Осыдан жиырма бес жыл бұрын қаланың орталық кіндігіне топырақ жауғанды кім көріпті.

Осындай күдікпен бірге алаң-жарлы көңілде үміт те жоқ емес. Міне, бес-алты жыл болды дербестік туын тіккен Елімізге «өркениетті» дейтін елдерден «гуманитарлық көмек» дейтіндердің үздік-создық болса да келіп жатқанына. Осы «көмектерден» алғашқыда бетіміздң оты шығып, жерге қараған кезіміз де болды. Мұхиттың арғы жағындағылар мен еуропалықтар бізді әбден сорлап қалған ел екен деп ойлаған болса керек, иі түскен кертақта киімдерін, пәлен жыл тұрып қалған консервілерін және де өздері пайдаланбайтын дәрі-дәрмектерін үйіп-төкті. Кейін бұл тасқын бірте-бірте саябырсып, ақылға келе бастадық.

(Жалғасы бар)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қызылорда облысы бойынша Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың тіркеу қорытындысы туралы АҚПАРАТ

(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау) 2026 жылғы 1 қараша сағат 18.00-гі жағдай бойынша

№ р/р	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері	Кім ұсынды
№1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Құттықов Шынболат Нұрланұлы	1991 ж.	«Арал тазалығы» ШЖҚМКК, директор	Арал ауданы Арал қаласы	Өзін-өзі ұсынған
2.	Махатов Бауыржан Ибрашович	1969 ж.	«Арал ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі», Бөлім басшысы	Арал ауданы Арал қаласы	Өзін-өзі ұсынған
3.	Жумашев Мейрамбек Тогусович	1978 ж.	«Тоғыс-Арал отын» ЖШС, директор	Арал ауданы Арал қаласы	«Әділет» партиясы
№2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Адилбаев Талгатбек Каражанович	1960 ж.	Жеке кәсіпкер	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті	Өзін-өзі ұсынған
2.	Уркимбаев Габиден Уалиевич	1971 ж.	«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің «Отын ресурстық орталығы» Қазалы филиалының бастығы	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті	Өзін-өзі ұсынған
3.	Тілеп Ібайдулла Тілепұлы	1959 ж.	Жеке кәсіпкер	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті	«Әділет» партиясы
№3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Ахметов Маргулан Байтелиевич	1980 ж.	«Қазалы абаттандыру» мекемесі, Директор	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті	Өзін-өзі ұсынған
2	Сисен Ғалымжан Әлдебайұлы	1987 ж.	ШЖҚ РМК «Ә.Тыныбаев атындағы Қазалы су торабы» мекемесі, Өндірістік учаске басшысы	Қазалы ауданы, Басықара ауылы	Өзін-өзі ұсынған
3	Имандосов Нурлан Самуратович	1977 ж.	«РЗА-Агро» ЖШС директоры	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті	«Әділет» партиясы
№4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Асылов Марат Мұханғалиұлы	1972 ж.	Қармақшы ауданды қ дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің «Спорт клубы» КММ директоры	Қармақшы ауданы Жосалы кенті	Өзін-өзі ұсынған
2	Сағатов Амир Қуандықұлы	1988 ж.	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпарациясы КЕ АҚ Қызылорда облысы Қармақшы аудандық бөлімінің басшысы	Қармақшы ауданы Жосалы кенті	Өзін-өзі ұсынған
3	Боранбаев Кайрат Жомартович	1967 ж.	«Нурлен» ЖШС басқарма төрағасы	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Бисенов Болат Шауханбайұлы	1967 ж.	«Сыр суы» филиалы Қармақшы ауданының жергілікті сумен жабдықтау жүйелерін пайдалану жөніндегі өндірістік бөлімшесі директорының орынбасары	Қармақшы ауданы Жосалы кенті	Өзін-өзі ұсынған
2	Бақтияров Нұрлан Женісбекұлы	1981 ж.	«Қорқыт ата» мемориалды музейінің директоры	Қармақшы ауданы Жосалы кенті	Өзін-өзі ұсынған
3	Козбаков Исламгали Айтуарович	1985 ж.	«TAU GROUP LTD» ЖШС директоры	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Жанашев Сабит Еркинболович	1981 ж.	«QazaqGaz Aimak АҚ Қызылорда өндірістік филиалы Жалағаш газ шаруашылығы» директор	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті	Өзін-өзі ұсынған
2	Ибраев Жанғабыл Сахауович	1965 ж.	Жалағаш аудандық архив филиалы, басшы	Жалағаш ауданы Жалағаш кенті	Өзін-өзі ұсынған
3	Шаменова Балжан Муралиевна	1962 ж.	Зейнеткер	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Мұханбетқали Аружан Мұханбетқалиқызы	1997 ж.	Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газеті, бас редактор	Сырдария ауданы Тереңөзек кенті	Өзін-өзі ұсынған
2	Қуандықов Қайрат Нұрмағанбетұлы	1978 ж.	Сырдария ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімі, бөлім басшысы	Сырдария ауданы Тереңөзек кенті	Өзін-өзі ұсынған
3	Ниязов Мұхтар Мәуленұлы	1985 ж.	Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры, басшы	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Бекхожаев Бекжан Әнтайұлы	1967 ж.	Ветеринарлық станция басшысы	Шиелі ауданы Керделі а/о	Өзін-өзі ұсынған
2	Налибаев Максут Ибрайханович	1961 ж.	Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
3	Әбітханов Нұржан Асылханұлы	1992 ж.	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Қызылорда облысы, Шиелі аудандық бөлім басшысы	Шиелі ауданы Ә.Тәжібаев ауылы	Өзін-өзі ұсынған
№9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Шығанбаев Бауыржан Тұрғанбайұлы	1985 ж.	Шиелі аудандық тарихи өлкетану музейі, меңгеруші	Шиелі ауданы Шиелі кенті	Өзін-өзі ұсынған
2	Мырзабеков Нұрғали Исабайұлы	1967 ж.	«Шиелісушар» өндірістік учаске басшысының орынбасар	Шиелі ауданы Шиелі кенті	Өзін-өзі ұсынған
3	Жұмбеков Дәулет Егембергенұлы	1962 ж.	«Ақмая» шаруа қожалығының төрағасы	Шиелі ауданы, Ақмая ауылы	«Әділет» партиясы
№10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Оразбеков Рақымжан Әнуарұлы	1993 ж.	Қыраш ауылдық клубы, директор	Жаңақорған ауданы Қыраш ауылы	Өзін-өзі ұсынған
2	Омаров Мұхамедәлі Батырханұлы	1992 ж.	Qaratay Fruits шаруа қожалығының басшысы	Жаңақорған ауданы Қыраш ауылы	«Әділет» партиясы
3	Айдаров Бакитжан Туреханович	1988 ж.	«Шалқия Цинк ЛТД» АҚ ЖИ және цифрландыруды енгізу қызметінің басшысы	Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті	Өзін-өзі ұсынған
№11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Рысбек Абзал Рысбекұлы	1984 ж.	Қызылорда қаласы әкімдігі «Қалалық тұрғын үй инспекциясы», басшы	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
2	Кайруллаев Айдын Букенбаевич	1981 ж.	Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, бөлім басшысы	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
3	Жарекеева Уйтолган Найзагуловна	1984 ж.	«Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, «ЖК ДЕГДАР-МЕДИА» басшысы	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Козейбаев Сапар Алияскарович	1974 ж.	Қызылорда облыстық Ә.Тәжібаев атындағы ғылыми әмбебап кітапханасы, директор	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
2	Жалимбетов Кайрат Тыныштыкович	1970 ж.	«Жалпы білім беретін кешкі мектебі», директор	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
3	Базарбаев Батырхан Бахытбекович	1983 ж.	ҚТЖ ҰК Қызылорда магистралдық желі бөлімшесі, директор	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№13 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Тажмаханов Жағыпар Айтбайұлы	1984 ж.	Қызылорда қаласы әкімдігі «Қалалық қоғамдық даму бөлімі», бөлім басшысы	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
2	Сактаганов Канагат Жанайбекович	1966 ж.	«Асар» ЖШС, құрылтайшы	Қызылорда қаласы	«Ауыл» партиясы
3	Тулепов Олжас Ерланович	1991 ж.	«Тулепов» ЖК, басшы	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№14 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Ұлықпан Сәбит Ұлықпанұлы	1967 ж.	А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі, ансамбль жетекшісі	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
2	Калекеев Мухан Нурлыбекович	1987 ж.	Қызылорда қаласы әкімі аппараты, бас инспектор	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
3	Бисенова Маржан Кылышбаевна	1981 ж.	Қызылорда жоғары көпсалалы колледж, директор	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Жетилгенов Мухтар Абдимаратович	1991 ж.	Қызылорда қаласы Әкімдігі «Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі», бөлім басшысы	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
2	Тәуіпбаев Сырым Батырбекұлы	1984 ж.	Қызылорда қаласы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімі, бас маман	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
3	Байкадамов Наурызбай Сейткалиевич	1967 ж.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Басқарма төрағасы - ректор	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы
№16 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Мүбәрәк Ердәулет Бекмұратұлы	1996 ж.	«Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі» КММ, бөлім басшысы	Қызылорда қаласы	Өзін-өзі ұсынған
2	Нарбаев Еркебулан Еликбаевич	1991 ж.	«Мелиоратор» ЖШС, бас директор	Қызылорда қаласы	«Respublica» партиясы
3	Канатбаева Эльмира Кожасовна	1977 ж.	«Қалалық мәдениет үйі, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК, директор	Қызылорда қаласы	«Әділет» партиясы

ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕРДІ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ

Партиялық тізімдерді тіркеу қорытындысы туралы Қызылорда облысы бойынша АҚПАРАТ

(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)

«Ақ Жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы

№	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері
1	Амангелдиева Гүлназ Талғатқызы	1990 ж.	«Ақ жол» ҚДП Қызылорда облыстық филиалы, маман	Қызылорда қаласы
2	Жұмабай Санжар Саматұлы	2000 ж.	Прометей ORDA ҚҚ директоры	Қызылорда қаласы
3	Сандыбаев Бауыржан Турсымбаевич	1969 ж.	Ақ жол ҚДП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы	Қызылорда қаласы

«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы

№	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері
1.	Абдиев Ғани Оразбекұлы	1991 ж.	«ПТК» арнасының басшысы	Қызылорда қаласы
2.	Бөгетов Болат Әлдебайұлы	1976 ж.	«Олжа» ШҚ төрағасы	Кармақшы ауданы
3.	Рақышова Айнагул Төлетайқызы	1974 ж.	«Квант» ЖШС өндірістік база директоры	Қызылорда қаласы

«Әділет» партиясы

№	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері
1.	Абдимауленов Жандос Жумадиллаевич	1985 ж	«РУ-6» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры	Жаңақорған ауданы
2.	Абизов Дильмухамед Мнуарбекович	1978 ж.	«DALATEX» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры	Қызылорда қаласы
3	Абубакирова Аида Ибрагимовна	1989 ж.	«Абу-Сер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қаржы директоры	Қызылорда қаласы
4	Амитов Нуридин Егенбердиевич	1968 ж	Көп бейінді Қызылорда қалалық ауруханасының бас дәрігері	Қызылорда қаласы
5	Ахатов Нуржан Сабитович	1978 ж.	Қызылорда қаласының әкімі	Қызылорда қаласы
6	Әбдімәжитұлы Толеутай	1983 ж	«Дәнекер» құрылыс компаниясы ЖШС директорының орынбасары	Қызылорда қаласы
7	Базартай Жандос Нұртайұлы	1987 ж	«Әділет» партиясы қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы	Қызылорда қаласы
8	Баймаханов Жасулан Болатбекович	1985 ж	Көпбейінді облыстық ауруханаңың директоры	Қызылорда қаласы
9	Баймұрза Әсетхан Қазиханұлы	1994 ж	«Жастар Рухы» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы	Қызылорда қаласы
10	Байрахтарова Дильфура Бакишовна	1976 ж	№108 орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қармақшы ауданы
11	Бекетова Мөлдір Нұрланқызы	2004 ж	М.Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі	Қызылорда қаласы
12	Бердибаев Ерлан Кулахметович	1963 ж	«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» (ӘКК) акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы	Қызылорда қаласы
13	Бимұратқызы Жанар	1982 ж	Қызылорда облысының білім басқармасының «Сыр жұлдыздары» шығармашылық және инновация академиясы» қосымша білім беру орталығының директоры	Қызылорда қаласы
14	Джилкайдаров Айдос Амиркулович	1990 ж	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалының директоры	Қызылорда қаласы
15	Есжанов Аскарбек Темирбекович	1978 ж	Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы	Қызылорда қаласы
16	Жарасбаев Жасулан Бакытович	1988 ж	«Қызылорда Көркем и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры	Қызылорда қаласы
17	Жунисов Абайбек Талгатович	1974 ж	И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің директоры	Қызылорда қаласы
18	Ибраев Нурболат Балтабаевич	1988 ж	«Орда автодор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы, директоры	Қызылорда қаласы
19	Ибраев Рашид Уткельбаевич	1968 ж	«Бастау-S» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры	Қызылорда қаласы
20	Иманғали Ерсұлтан Нұрбекұлы	2000 ж	Қызылорда облысы бойынша «Дала қырандары» жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі	Қызылорда қаласы
21	Искендер Ержан	1978 ж	Жеке кәсіпкер, Әкелер одағы РҚБ-ның Қызылорда облысы филиалының төрағасы	Қызылорда қаласы
22	Ізбасарұлы Даулет	1992 ж	“D-BEST GROUP “ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы, Қазақстан Заңгерлер Одағының мүшесі	Қызылорда қаласы
23	Карымсаков Канат Бекбулатович	1983 ж	«Қызылорда газ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы	Қызылорда қаласы
24	Касымова Айсулу Жумабаевна	1970 ж	«Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары	Қызылорда қаласы
25	Кожарипова Жаннат Шайхсламовна	1968 ж	№3 Қызылорда қалалық емханасының бас дәрігері	Қызылорда қаласы
26	Мұстафаұлы Әбдіәзиз	1987 ж	«Sinooil» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры	Шиелі ауданы
27	Нугиманов Мурат Бахиевич	1985 ж	«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Қызылорда облыстық филиалының директоры	Қызылорда қаласы
28	Нурымбетов Жорабек Ибрагимович	1957 ж	РМК «Қазсушар» Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» өндірістік учаскесінің басшысы	Қызылорда қаласы
29	Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлы	1968 ж	Арал ауданының әкімі	Қызылорда қаласы
30	Рустемов Руслан	1968 ж	Қызылорда облысы әкімінің кеңесшісі	Қызылорда қаласы
31	Саркытбаев Марат Карабекович	1967 ж	«Торғай-Петролеум» АҚ бас директоры	Қызылорда қаласы
32	Сарсенбаев Мурат Абаевич	1970 ж	«Абай-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры	Қызылорда қаласы
33	Сиюов Сагатбек Куанышбаевич	1991 ж	Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігінің жетекшісі	Қызылорда қаласы
34	Сопбеков Нурымжан Жаркынбекович	1973 ж	«Қызылорда Құрылыс НК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры	Қызылорда қаласы
35	Сыздыков Бахтияр Нурдилдаевич	1984 ж	«Қызылорда Путь Транс Сервис» «Shalkiya Dolomite Operating» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директорының кеңесшісі	Қызылорда қаласы
36	Сыздыков Сагидулла Магауияевич	1988 ж	«Абзал и компания» толық серіктестігінің коммерциялық директоры	Қызылорда қаласы
37	Тлеуова Манат Бектимировна	1977 ж	«Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталығы» КММ директоры	Қызылорда қаласы
38	Тоганова Жаксыгул Кохановна	1979 ж	М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры	Қызылорда қаласы
39	Усенов Жалгасбек Турлыбекович	1982 ж	«Қызылорда облыстық қан орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры	Қызылорда қаласы
40	Шермаганбет Мейрамбек Зинабдинұлы	1972 ж	Қызылорда облысы әкімінің орынбасары	Қызылорда қаласы

БҰЛ САЙЛАУДЫҢ БҰРЫҢҒЫ САЙЛАУДАН НЕСІ ӨЗГЕРЕК?

САЙЛАУ НАУҚАНЫНА БЮДЖЕТТЕН ҚАНША ҚАРАЖАТ БӨЛІНДІ?

Сайлауалды науқанның маңызды мәселелерінің бірі үгіт-насихат жұмыстарына қарастырылған қаржы болып табылады. Орталық сайлау комиссиясының шешіміне сәйкес республикалық бюджет есебінен облыстық мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт жүргізу шығындарын өтеуге әрқайсысына 700 мың теңгеге дейін қаражат белгіленген.

Оның ішінде теледидар мен радио арқылы сайлауалды бағдарламасын таныстыруға және мерзімді баспасөзде немесе интернет-басылымдарда екі мақала жариялауға 410 мың теңге, көпшілік алдында сайлауалды іс-шараларын өткізуге және үгіт материалдарын әзірлеуге 180 мың теңге, көлік шығындарына 110 мың теңге қарастырылған.

Ал қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттарға 650 мың теңге, аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлерге 500 мың теңге көлемінде шығындарды өтеу көзделген.

Облыстық мәслихаттың бірмандатты округтеріндегі 48 кандидатқа белгіленген қаржының көлемі 33,6 миллион теңгені құрайды. Бұл – әр кандидатқа белгіленген шығындарды өтеу мөлшерінің жиынтық есебі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАЛАР НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛУЫ ТИІС

Жалпы мәслихат депутаттарын сайлау арқылы сол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты шешімдер қабылдауға қатысатын тұлғаны анықтайды.

Сондықтан кандидаттардың сайлауалды бағдарламаларында халықты толғандырған мәселелердің қаншалықты қамтылғаны ерекше назар аударуды қажет етеді. Әсіресе, ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымы, ауызсу мен жол мәселесі, жұмыссыздықты азайту, жаңа өндіріс орындарын ашу, тұрғын үймен қамту, білім беру мен денсаулық сақтау сапасын жақсарту секілді бағыттар өңір тұрғындары үшін өзекті болып қала береді.

Сайлауалды кездесулерде айтылған ұсыныстар мен берілген уәделердің барлығы кейін нақты нәтижемен бағалануы тиіс. Өйткені мәслихат депутатының міндеті тек сайлау кезінде халықпен кездесіп, бағдарлама таныстырумен шектелмейді. Ол сайлаушылардың мүддесін билікке жеткізіп, өңірдегі өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал етуі керек.

Алдағы 29 қарашада тұрғындар өз таңдауларын жасап, өңірдің өкілді органының жаңа құрамын айқындайды. Бұл науқанның басты нәтижесі кандидаттардың саны немесе сайлауалды уәделердің көптігімен емес, халық сеніміне ие болған азаматтардың сайлаудан кейінгі нақты жұмыс жүйелерімен бағаланады.

Мойындау керек, осыған дейін саны көп депутаттың арасында шән мәнінде халыққа жанашырлық танытып, олардың толғандырған сауалдарын ортаға салып, соның шешімін табудан тыс, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей ықпал еткен халық қалаулылары көп емес. Бүгінде халық бос уәделі сөз бен толымды тірліктің де аражігін ажырата біледі. Бастысы, облыс үшін шын болысары, әр бастамасы берекеге толы депутаттар сайланса игі. Халықтың қалауы да тілегі де сол.

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

"Ақшамның" асханасы

Жаздан күзге жетіп, оқушылар сабаққа барар кезде алдымен денсаулыққа мән беру керек. Өйткені, баланың зейіні ашылып, сабақ үлгерімі жақсы деңгейде болуы үшін иммунитет деңгейі жоғары болғаны абзал. Уақытылы, әрі құнарлы тағамдарды әзірлеп ұсынса, баланың күні бойы сергек жүруіне тікелей әсер етеді. Олай болса, мектеп оқушысының бір күндік ас мәзірін ұсынамыз. Әлбетте, бұл жолы үйде бар азық-түліктермен жасалатын тағам түрлері қамтылды. Бұл — бір балаға арналған шамамен есептелген үлгі мәзір. Мөлшерді баланың жасына, тәбетіне және дене белсенділігіне қарай өзгертіңіз. Мектепке өзімен бірге тамақ апарса, тез бұзылатын өнімдерді салқын күйде сақтаңыз.

1. ТАҢҒЫ АС — СҮТТІ СҰЛЫ БОТҚАСЫ

Құрамы:

Сұлы жармасы — 40 г., сүт — 200 мл., су — 100 мл., сары май — 5 г., жұмыртқа — 1 түйір.



Дайындалуы:

Кәстрөлге су мен сүтті құйып, қыздырыңыз.

Сұлы жармасын қосып, баяу отта 5–10 минут пісіріңіз.

Дайын ботқаға сары май қосыңыз.

Жұмыртқаны бөлек 8–10 минут қайнатып, ботқамен бірге ұсыныңыз.

2. ЖЕҢІЛ ТАҒАМ — АЛМА МЕН АЛМҰРТ

Құрамы:

Алма — 1 түйір, немесе алмұрт — 1 түйір, таза су — 1 стақан.

Дайындалуы:



Жемісті ағын сумен жақсылап жуыңыз.

Қажет болса, бірнеше бөлікке бөліңіз.

Баланың жасына сай қауіпсіз түрде ұсыныңыз.

БАЛА КҮНІНЕ НЕШЕ МЕЗГІЛ ТАМАҚТАНУЫ КЕРЕК?

Мектеп жасындағы балаларға күніне 3 негізгі ас және 1–2 жеңіл тіскебасар ұсынуға болады. Тамақтану аралығы шамамен 3–4 сағат болғаны дұрыс. Нақты тәртіп баланың жасына, сабақ кестесіне және тәбетіне байланысты.

Таңғы ас — 07:00–08:00
Сүтті сұлы ботқасы, жұмыртқа, нан, сүт немесе шай.
Кеңес: баланы мектепке ашқарын жібермеңіз.

Жеңіл тағам— 10:00–11:00
Алма, алмұрт, табиғи йогурт немесе жасына сай қауіпсіз ұсынылған жаңғақ.
Кеңес: мектепке жеміс немесе үйден дайындалған пайдалы тіскебасар беріңіз.

Түскі ас — 12:00–14:00
Сорпа, ет немесе балық, қарақұмық не күріш, көкөніс салаты.
Кеңес: табақта ақуыз, дәнді дақыл және көкөніс болғаны жақсы.

Бесін ас — 16:00–17:00
Айран, сүзбе, табиғи йогурт немесе нан мен ірімшік.
Кеңес: бұл ас кешкі асқа дейінгі аштықты басуға көмектеседі.

Кешкі ас — 18:00–19:30
Балық немесе тауық еті, көкөніс бұқтырмасы, картоп не басқа гарнир.
Кеңес: ұйқыға дейін тым тойып тамақтанбаған дұрыс.

3. ТҮСКІ АС — ТАУЫҚ СОРПАСЫ

Құрамы:

Тауық еті — 200 г., картоп — 2 түйір, сәбіз — 1 түйір, пияз — жарты түйір, су — 1–1,2 л., аздап тұз және көк шөп.

Дайындалуы:

Тауық етін жуып, суға салып қайнатыңыз.

Қайнаған кезде көбігін алып, ет толық піскенше пісіріңіз.

Картопты, сәбізді және пиязды турап қосыңыз. Көкөністер жұмсарғанша тағы 15–20 минут қайнатыңыз.

Дайын сорпаға аздап көк шөп қосыңыз.



4. ТҮСКІ АС – ТАУЫҚ ЕТІ МЕН ҚАРАҚҰМЫҚ

Құрамы:

Қарақұмық — 50 г., тауық еті — 70–80 г., су — шамамен 100–120 мл., өсімдік майы — 1 шай қасыққа дейін.



Дайындалуы:

Қарақұмықты жуып, суға салып пісіріңіз.

Тауық етін бөлек қайнатып немесе аздап май қосып бұқтырып, толық пісіріңіз.

Етті ұсақтап тураңыз.

Қарақұмықпен араластырып, жылы күйінде ұсыныңыз.



КҮЗДЕ ҚАНДАЙ ҚҰНАРЛЫ ТАҒАМДАРДЫ ЖИІ ҰСЫНУ КЕРЕК?

<u>Көкөністер мен жемістер:</u>
Асқабақ, сәбіз, қызылша, орамжапырақ, алма, алмұрт. Дәрумендер мен тағамдық талшықтардың көзі.

<u>Ақуызға бай тағамдар:</u>
Жұмыртқа, тауық еті, балық, бұршақ. Өсуге және бұлшық еттердің дамуына қажет.

<u>Жармалар мен дәнді дақылдар:</u>
Сұлы, қарақұмық, күріш, тары. Күнделікті белсенділікке қуат береді.

<u>Сүт өнімдері:</u>
Айран, сүт, сүзбе, табиғи йогурт. Кальций мен ақуыздың көзі.

БІР КҮНДІК МӘЗІРГЕ ҚАЖЕТ АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕР:

Азық-түлік	Қажетті мөлшері
Сұлы жармасы	40 г
Сүт	200 мл
Жұмыртқа	1 түйір
Алма немесе алмұрт	1 түйір
Тауық еті	270–280 г
Қарақұмық	50 г
Картоп	4 түйір
Сәбіз	2 түйір
Орамжапырақ	350 г
Пияз	1 түйір
Айран	150–200 мл
Нан	2 тілімге жуық

КҮЗ МЕЗГІЛІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ТӘРТІБІ:
Күзде балалар мектепке барып, сабаққа көп көңіл бөледі, қозғалыс белсенділігі де өзгеруі мүмкін. Сондықтан баланың күнделікті тамақтануы уақытылы, құнарлы және әртүрлі болғаны маңызды. Дұрыс тамақтану баланың өсуіне, зейініне, есте сақтау қабілетіне және иммундық жүйесінің қалыпты жұмысына көмектеседі.

5. САЛАТ — СӘБІЗ БЕН ОРАМЖАПЫРАҚ

Құрамы:

Орамжапырақ — 150 г., сәбіз — 1 түйір, өсімдік майы — 1 шай қасық, аздап тұз.



Дайындалуы:

Орамжапырақты жіңішке етіп тураңыз.

Сәбізді үккіштен өткізіңіз.

Екеуін араластырып, аздап өсімдік майын қосыңыз.

Баланың жасына сәйкес ұсақтап дайындаңыз.

6. БЕСІН АС — АЙРАН МЕН НАН

Құрамы:

Айран — 150–200 мл., нан — 1 тілім.



Дайындалуы:

Жарамдылық мерзімі сақталған айранды таңдаңыз.

Айранды стақанға құйыңыз.

Нанмен бірге ұсыныңыз.

7. КЕШКІ АС — КӨКӨНІС БҰҚТЫРМАСЫ

Құрамы:

Картоп— 1 түйір, сәбіз — 1 түйір, орамжапырақ — 200 г., пияз — жарты түйір, өсімдік майы — 1 ас қасық, су — 100–150 мл.



Дайындалуы:

Картопты, сәбізді, орамжапырақты және пиязды тураңыз.

Кәстрөлге аздап май құйып, пияз бен сәбізді жеңіл араластырыңыз.

Қалған көкөністер мен суды қосыңыз.

Қақпағын жауып, баяу отта 20–25 минут бұқтырыңыз.

Көкөністер толық жұмсарған кезде дастарқанға ұсыныңыз.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР:

• Тамақтану уақытын тұрақтандырыңыз.
• Күн сайын шамалас уақытта тамақтану баланың күн тәртібін қалыптастыруға көмектеседі.
• Суды жеткілікті ішкізіңіз.
• Балаға таза суды күні бойы ұсынып отырыңыз. Қажетті мөлшер жасына, ауа райына және белсенділігіне байланысты.
• Маусымдық өнімдерді пайдаланыңыз.
• Жергілікті алма, сәбіз, асқабақ, картоп пен орамжапырақ көбіне қолжетімді әрі пайдалы таңдау болады.
• Тәтті сусындар мен фастфудты шектеңіз.
• Олардың орнына су, үй сорпасы, жеміс және үйде дайындалған тағамдарды таңдаңыз.
• Үй тағамдарын түрлендіріп беріңіз.
• Бір өнімді әртүрлі әдіспен дайындауға болады: көкөністі сорпаға қосу, бұқтыру немесе пеште пісіру.



Қараша айы жаңа мүмкіндіктерге, маңызды шешімдерге және жағымды өзгерістерге толы болмақ. Әр жұлдыз белгісін махаббатта, жұмыста, қаржыда жақсы жаңалықтар мен сәттіліктер күтіп тұр. Нақтырағын «Жұлдызың айтады» айдарынан білесіз.

ЖАҢА ИДЕЯЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ШАБЫТ БЕРЕДІ

Тоқты



Қарашада белсенділігіңіз артып, жаңа бастамаларға жол ашылады. Жұмыста өз қабілетіңізді көрсетуге мүмкіндік туады.

Қаржы мәселесінде асығыс шешім қабылдамаңыз.

Жеке өмірде ашық әңгіме қарым-қатынасты нығайтады.

Торпақ



Тұрақтылық пен сабырлылық сізге көмектеседі. Еңбегіңіздің нәтижесін көріп, жаңа жоспар құруыңыз мүмкін.

Ақша жинауға қолайлы кезең.

Отбасыңызға көңіл бөліп, жақындарыңызбен жылы қарым-қатынасты сақтаңыз.

Егіздер



Қарашада жаңа таныстықтар мен қызықты ұсыныстар болуы мүмкін. Ақпарат алмасу, оқу және келіссөздер үшін жақсы кезең.

Бір мезетте бірнеше іске кірісіп кетпей, маңызды мақсаттарға басымдық беріңіз.

Шаян



Отбасы мен ішкі тыныштық алдыңғы орынға шығады. Жақындарыңыздан қолдау сезінуіңіз мүмкін.

Жұмыста өзіңізге сенімді болыңыз. Демалысқа уақыт бөліп, эмоциялық тепе-теңдікті сақтауға тырысыңыз.


Арыстан



Өзіңізді көрсетуге және көшбастышылық қабілетіңізді танытуға мүмкіндік туады. Еңбегіңіз бағалануы ықтимал.

Махаббатта жылы сөз бен ықылас маңызды. Қаржыда қажетсіз шығындарға жол бермеңіз.

Бикеш



Жоспарлау мен тәртіп табысқа жетуге көмектеседі. Бұрын кейінге қалдырған жұмыстарыңызды аяқтауға қолайлы уақыт.

Жеке өмірде артық сыннан аулақ болып, өзіңізге де, өзгеге де түсіністікпен қараңыз.

Таразы



Қарым-қатынастар мен серіктестікке мән беретін ай. Келіспеушіліктерді сабырмен шешуге тырысыңыз.

Жаңа идеялар шығармашылыққа шабыт береді. Маңызды шешім қабылдағанда өз қалауыңызды да ескеріңіз.

Сарышаян



Бұл ай өзіңізді дамытуға және ескі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Жұмыста табандылық танытыңыз. Сезімге беріліп шешім қабылдамаңыз.

Қараша соңына қарай жаңа мақсаттарыңызды айқындауға көңіл бөліңіз.

Мерген



Жаңа білім, сапар және тың бастамаларға қызығушылығыңыз артуы мүмкін.

Алдыңызға биік мақсат қойыңыз, бірақ нақты жоспар құруды ұмытпаңыз.

Жеке өмірде көңілді сәттер мен жағымды жаңалықтарға орын беріңіз.

Тау ешкі



Мансап пен ұзақ мерзімді жоспарларға назар аударыңыз.

Жауапкершілігіңіз бен табандылығыңыз жақсы нәтиже беруге көмектеседі.

Қаржылық мақсаттарыңызды қайта қарап, жұмыстан тыс уақытта да демалуды ұмытпаңыз.

Суқұйғыш



Ерекше идеялар мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашылуы мүмкін.

Достарыңызбен бірлескен жоспарлар шабыт береді.

Қаржыда тәуекелді мұқият бағалаңыз. Өзгелердің пікірін тыңдаумен қатар, жеке ұстанымыңызды сақтаңыз.

Балық



Қиялыңыз бен сезімталдығыңыз шығармашылыққа жол ашады. Жақын адамдармен қарым-қатынаста шынайылық маңызды.

Жұмыста нақты мақсаттарға назар аударыңыз. Өзіңізге уақыт бөліп, күш-қуатыңызды қалпына келтіріңіз.